



SEMEYtanu

№ 22 (19774) 20 наурыз, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ



АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

Қош келдің, жаңарудың бастауы – ӘЗ НАУРЫЗ!

2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 31, 33-баптарына сәйкес және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық референдум комиссияларының дауыс беру нәтижелері туралы ұсынылған хаттамалары негізінде Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық референдумда дауыс берудің қорытындылары бекітілсін:
 - 1) референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны - 12 482 613;
 - 2) дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны - 9 127 192 немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы санының 73,12 пайызы;
 - 3) референдумға шығарылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны - 7 954 667 немесе дауыс беруге қатысқан азаматтардың 87,15 пайызы;
 - 4) референдумға шығарылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны - 898 099;
 - 5) жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны - 146 558.

2. Дауыс беруге референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі немесе 73,12 пайызы қатысқандықтан, «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген мәселе бойынша референдум өтті деп есептелсін.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы немесе 87,15 пайызы оның оң шешімін жақтап дауыс бергендіктен, республикалық референдумда дауыс беру үшін шығарылған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды деп есептелсін.

4. Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының референдум қорытындылары туралы ресми хабарының мәтіні қосымшаға сай бекітілсін және хабар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Төраға **Н. ӘБДІРОВ**

Хатшы **Ш.ӨТЕМІСОВ**

Астана қаласы
2026 жылғы 17 наурыз
№ 12/24

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҚАБЫЛДАНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиынға қатысты.



Ақордада өткен іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері, облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ Конституциялық комиссия мен Жалпыұлттық коалиция мүшелері қатысты.

Құрмет қарауылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шыққан соң еліміздің Әнұраны орындалды.

Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумның қорытындысын жариялады.

Содан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Салтанатты рәсімнен кейін Президент сөз сөйледі.

akorda.kz



ЖИ көмегімен жасалды

ЖАЙЫҚ. ЕРТІС. АЙТЫС

Семейде Батыс Қазақстан мен Абай облыстары арасында командалық айтыс өтті



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semey tanu»

Абай облысы әкімдігінің қолдауымен, «AMANAT» партиясы және Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының ұйымдастыруымен өткен бұл дүбірлі дода сөз өнерінің шынайы мерекесі болды.

Айтыстың ашылу салтанатына облыс әкімі Берік Уәли қатысып, ақындар мен өнерпаздарға сәттілік тіледі.

Сөз сайысына елімізге белгілі арқалы ақындар мен өнерпаздар қатысып, көрерменге ерекше рухани сөйліс сыйлады. Абай облысынан Әсем Ережеқызы, Нұржан Әмірбаев, Айбек Жеңісқазин, Қуандық Кенжебекұлы сынды айтыс саңлақтары сөз сайысының көрігін қыздырды.

Ал Батыс Қазақстан облысының намысын қорғаған Бауыржан Шимердинұлы, Жансая Мусина, Талғат Мықы, Айнабек Бисенғалиев сынды ақындар да өздерінің тапқырлығымен, суырыпсалмалық шеберлігімен көрермен ықыласына бөленді.

Сонымен қатар жыр, терме, дәстүрлі ән және күй жанрлары бойынша өнер көрсеткен Қайрат Қабышев, Клара Төленбаева, Дарын Құдайбергенов (Абай облысы), сондай-ақ Фархат Оразов, Кенесары Болғанбаев, Дастан Есентеміров, Тұрлыхан Абуханов (Батыс Қазақстан облысы) ұлттық өнердің байлығын айшықтай түсті.

Шара аясында қатысушыларға Абай өңірінің тарихи-мәдени орындары таныстырылып, «Алаш арыстары» мен Өлкетану музейлеріне экскурсия ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Жидебай - Бөрілі» музей-қорығына арнайы сапар жасалып, ұлы ойшыл мұрасымен танысуға мүмкіндік берілді. Бұл айтыстың тек өнер бәйгесі ғана емес, тағылымды рухани сапар екенін көрсетті.

Айтыстың шымылдығы Абай атындағы театр сахнасында түріліп, жүргізуші, ақын әрі Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай кештің сәнін келтірді. Қос өңірдің командалары сүре айтыс, түре айтыс, қыз бен жігіт айтысы, қайым айтыс сияқты дәстүрлі бағыттар бойынша бақ сынады.

Қазақстанның халық жазушысы Жүрсін Ерман төрағалық еткен қазылар алқасы өнер иелерінің шеберлігіне әділ бағасын берді.

Сүре айтыста Батыс Қазақстанның ақыны Бауыржан Шимердинұлы мен жерлесіміз Айбек Жеңісқазин сөз сайысына түсіп, бірдей ұпай жинады. Жыр айтыста қазылар батыстық Фархат Оразов пен Абай облысының намысын қорғаған Қайрат Қабышевтің өнерін де тең деп бағалады. Ал түре айтыста Батыс Қазақстанның ақыны Жансая Мусина жерлесіміз Қуандық Кенжебекұлынан басым түсті. Күй тартыста батыстық Тұрлыхан Абуханов пен жерлесіміз Дарын Құдайбергеновтің, дәстүрлі ән сайысында Дастан Есентеміров мен Диас Мұратханның өнеріне қазылар алқасы бірдей баға берді.

Қыз бен жігіт айтысында Талғат Мықимен сөз сайысына түскен Әсем Ережеқызы жеңіске жетсе, қайым айтыста Айнабек Бейсенғалиевтен Нұржан Әмірбаевтың дөсі басым болды.

Ал термешілер сайысында Кенесары Болғанбаев пен Клара Төленбаева тең ұпай алды.

Өнер бәйгесінің қорытындысында Абай облысының командалық алға шығып, келесі айтысқа жолдама алды. Екі топқа да бірдей құрмет көрсетіліп, қос команда капитандары Дәулет Сметов пен Мұрадым Мирлановқа және ақындардың әрқайсысына 500 мың тең-



геден сыйақы берілді. Ал жыршы, термеші, дәстүрлі әнші мен күйшілерге және команда таныстырушыларына 250 мың теңгеден табыс-талды.

«Жайық келіп, Ертіске қосылғанда» атты бұл айтыс – еліміздің батысы мен шығысын рухани тұрғыда жақындастырған, өнер арқылы ел бірлігін нығайтқан маңызды мәдени оқиға болды.

Бұл айтыс болғандықтан, жеңіс пен жеңіліс қатар жүретіні – заңдылық. Алайда бұл жолғы сөз сайысының жөні бөлек болды. Қасиетті Абай елінде өткен рухани додада бастысы кімнің озып, кімнің қалғаны емес, ел рухының көтерілуі еді.

«Бәйге берем жеңілген палуанға да», - деп Қасым ақын айтқандай, бұл айтыс та жеңген мен жеңілгенді ғана айқындаған жарыс емес, Қазақстанның батысы мен шығысын рухани тұрғыда тоғыстырған, ортақ құндылықтарды ұлықтаған айтулы шара болды.



ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ИНСТИТУТЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы мәселелері жөніндегі уәкіл институтын құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

«Қазақстан Республикасында адам құқықтарын қорғауды күшейту, отбасы институтын нығайту және мемлекеттік отбасылық саясатты жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы мәселелері жөніндегі уәкіл институтын (бұдан әрі — Уәкіл) құруды қаулы етімін, ол өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрамында төрағаның орынбасары ретінде қоғамдық негізде жүзеге асырады. Уәкілдің негізгі мақсаттары отбасы құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту, отбасы институтын және дәстүрлі отбасылық құндылықтарды нығайту, мемлекеттік отбасылық және демографиялық саясатты жетілдіру, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, сондай-ақ қазақстандық отбасылардың әл-ауқатына жәрдемдесу болып белгіленген», — делінген құжатта.

Жарлықтың орындалуын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі бақылайды. Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН ЕҢ ІРІ ЭКОНОМИКАЛАР РЕЙТИНГІНДЕ 36-ОРЫНДА

Қазақстан сатып алу қабілетінің паритеті бойынша әлемдегі ең ірі экономикалар рейтингінде 36-орынға жайғасты. Сарапшылар ел экономикасының көлемін шамамен 973 миллиард доллар деп бағалап отыр.

Visual Capitalist аналитикалық жобасының дерегіне сәйкес, сатып алу қабілетінің паритеті бойынша есептелген жаһандық экономиканың жалпы көлемі 219,2 триллион долларға жеткен. Бұл көрсеткіштің жартысына жуығы Азия елдерінің еншісінде.

Әлемдегі ең ірі экономика көшін Қытай бастап тұр — шамамен 43,5 триллион доллар. Екінші орында 31,8 триллион доллармен АҚШ орналасса, үшінші орын 19 триллион доллардан асатын көрсеткішпен Үндістанға тиесілі. Ал алғашқы ондыққа Ресей, Жапония, Германия, Индонезия, Бразилия, Франция және Ұлыбритания енген.

Қазақстан 973 миллиард долларлық көрсеткішпен 36-сатыдан көрінді. Ел бұл тізімде экономикасы шамамен 988 миллиард долларды құрайтын Сингапур мен 949 миллиард долларлық көрсеткішке ие Румынияның ортасында тұр. Сонымен қатар Қазақстан Біріккен Араб Әмірліктері, Нидерланд, Колумбия және Оңтүстік Африка Республикасы сияқты елдермен қатарлас орналасқан.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Мәжілістің жалпы отырысында мемлекеттік қызметті жетілдіруге бағытталған жаңа заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Құжатта мемлекеттік қызметшілердің құқықтық кепілдіктерін күшейту, тәртіпті жауапкершілікті нақтылау және кәсібилікті арттыру шаралары қарастырылған.

Заң жобасына сәйкес, қызметкерлерге негізсіз қысым жасауға тыйым салынып, әлеуметтік кепілдіктер кеңейтіледі. Атап айтқанда, ротация кезінде өтемақы төлеу, қосымша демалыс беру және 25 жыл еңбек өтілі бар қызметкерлерге зейнетке шыққанда 4 айлық жалақы көлемінде төлем қарастырылған.

Сондай-ақ мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, мансаптық өсудің жаңа тәсілдерін енгізу және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында өзгерістер көзделген.

ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Ішкі істер органдарында цифрлық жобалар ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде кеңінен қолданылып келеді. Бүгінде Қазақстанда 1,6 млн-нан астам бейнекамера орнатылып, оның 545 мыңы жедел басқару орталықтарына қосылған. Соның нәтижесінде қылмыстардың шамамен 66%-ы бейнебақылау арқылы ашылуда.

Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсенов атап өткендей, Ұлттық бейнебақылау жүйесі аясында 24 мыңнан астам камера жасанды интеллектпен жабдықталып, 1 335 құқық бұзушы анықталған.

Жол қауіпсіздігін бақылауда 32 мың камера біріктірілген «ТОР» платформасы жұмыс істейді. Ал «Қорғау» қосымшасы арқылы 51,7 мың көлік тексеріліп, 5,4 мың құқық бұзушылық анықталған, 618 көлік ұсталған.

Сонымен қатар 28,7 мың стационарлық камера және 300-ден астам дрон қолданылады. «Ақылды жаяу жүргіншілер өткелі» жобасы арқылы 11 мыңнан астам заң бұзушылық тіркеліп, 178 млн теңгеден астам айыппұл салынған.

Жалпы, цифрлық технологиялар құқық бұзушылықтарды анықтап қана қоймай, олардың алдын алуға да мүмкіндік беріп отыр.

МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Қазақстанда мектеп оқулықтарын кезек-кезеңімен жаңарту жоспарланып отыр. Бұл туралы Үкімет отырысында оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова айтты. Министрдің айтуынша, 2026 жылы 3, 4, 7, 8-ші және 9-сыныптарға арналған оқулықтар жаңартылады. Ал 2027 жылы 1 және 5-сыныптарға арналған жаңа оқулықтар шығару, карталарды, тарихи және өкімшілік материалдарды толық ауыстыра отырып, 10-11 сыныптардың оқулықтарын өзектендіру жоспарланған. 2028 жылы 2-ші және 6-сыныптарға арналған жаңа оқулықтар шығарылады.

«Осылайша, білім беру жүйесі Мемлекет басшысының алға қойған жаһандық ғылыми-технологиялық өзгерістер жағдайында лайықты бәсекелесе алатын технологиялық ұлт қалыптастыру жөніндегі стратегиялық міндетін дәйекті түрде жүзеге асырады», - деді Сүлейменова.

«ST» - ақпарат

ЦИФРЛАНДЫРУ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДАМУҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте өңірде жасанды интеллектті дамыту барысы талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Абзал Серікұлы баяндады.

Қазіргі таңда облыста цифрландыру бағытында бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Семей қаласында «Ақылды қала» (Smart City) жобасы аясында жастарды бағдарламалау, робототехника және цифрлық кәсіпкерлікке оқыту жүргізілуде. Денсаулық сақтау саласында «Цифрлық емхана» мен электрондық кезек жүйесі енгізілсе, білім беру ұйымдарында «Цифрлық мектеп», электрондық журнал мен күнделік және «Мектеп асханасы» жобалары кеңінен қолданылуда. Ауыл шаруашылығы саласында жер және мал шаруашылығын басқарудың цифрлық платформалары енгізіліп, фермерлерге онлайн қызметтер ұсынылуда.

Сонымен қатар өңірде жастардың IT саласына қызығушылығы артып, хакатондар мен стартап байқауларына қатысушылар саны өсіп келеді. 2025 жылдан бастап жасанды интеллект бойынша оқыту бағдарламалары аудан орталықтарын да қамти бастады. Aikhan Bokeikhan University базасында ASSYLTAС қоғамдық қоры бастамасымен «Assyl A» жобасы іске асырылып, жастарды жасанды интеллектпен жұмыс істеу дағдыларына үйрету қолға алынған. Робототехника саласында да оң нәтиже бар. RO-ALEMI робо-



тотехника орталығының тәрбиеленушілері халықаралық жарыстарда жоғары жетістіктерге жетіп келеді. Инновациялық жобаларды қолдау мақсатында Семей қаласы әкімдігі GovTech байқауын ұйымдастырып, жалпы бюджеті 30 млн теңге көлемінде стартаптарға грант бөлді.

Быылғы жылға арналған даму жоспарына сәйкес облыстағы IT-резиденттер санын 100-ден асырып, 50-ден астам жаңа IT жұмыс орнын құру көзделуде. Сонымен қатар «Ақылды қала» бағдарламасы аясында бағдарламалау мектепте-

рін дамыту, «109» қызметі, «ақылды» жарықтандыру, контентерлік алаңдарды цифрландыру, бейнебақылау және жол қауіпсіздігі жүйелерін жетілдіру жобалары іске асырылуда. Абай облысының 2026-2030 жылдарға арналған «Ақылды қалаларды дамыту» стратегиясы бекітілді. Жол картасы Семей қаласында 13 жобаны, ал аудан орталықтарында 7 жобаны қамтиды.

Сондай-ақ, өңірде білім беру және инновация бағытында бірқатар жаңа бастамалар жоспарланған. Атап айтқанда, «Tomogov

School» білім беру жобасын ашу көзделуде. Сонымен қатар өңірдің стартап экосистемін дамыту мақсатында «Semy-Hub» өңірлік хабын құру жұмысы жүргізілуде.

Аймақ басшысы цифрландыру басқармасына Мемлекет басшысының жасанды интеллектті дамытуға қатысты тапсырмаларын орындау мақсатында әр басқармаға нақты индикаторлары бар іс-шаралар жоспарын әзірлеуді, агро-бизнес өкілдерімен инновациялық технологияларды енгізу бағытында жұмыс жүргізуді және цифрландыруды енгізген кәсіпорындарды ынталандыру бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Президенттің Жолдауда белгілеген міндеттерін жүзеге асыру еліміздің бәсеке қабілеттілігін арттырып, экономиканың барлық саласын жаңғыртуға ықпал ететіні сөзсіз. Жалпыұлттық жоспарға сәйкес ауыл шаруашылығы, жер, қаржы, өнеркәсіп, сауда, келік-логистика, құрылыс, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, білім және табиғи ресурстарды пайдалану салаларында жасанды интеллектті енгізуіміз қажет, - деді Берік Уәли.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Семей қаласындағы «Мереке», «Смокк» және «Ақшың» базарлары кезек-кезеңімен жаңғыртылады. Бұл туралы облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте айтылды.

СЕМЕЙ БАЗАРЛАРЫ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»

Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Айбек Рахымбековтің айтуынша, «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңға, Сауда және интеграция министрлігі бекіткен жол картасына сәйкес, 2026 жылдың соңына дейін «Мереке» және «Смокк» базарларын, ал 2028 жылға дейін «Ақшың» базарын жаңғырту көзделген.

Семей қаласындағы ірі сауда орындарын жаңғырту мәселесі қаралған жиында Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев ақпарат берді.

Шаһар басшысының айтуынша, «Смокк» базары бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, су құбыры мен көріз желілері тартылған, электр қуатын арттыруға техникалық шарттар алынған. Тек жылумен жабдықтауға қатысты мәселе туындап отыр. Ал «Мереке» базарын жаңғырту жобасы бойынша жобалық-сметалық құжаттама мемлекеттік сараптамадан өтіп, құрылыс-монтаж жұмысын бастауға мүмкіндік беретін қорытынды алынған. Сондай-ақ жоба аясында жалпы ауданы 7 мың шаршы метр болатын екі қабатты жаңа сауда ғимаратын салу жоспарланған.

Аймақ басшысы Семей қаласының әкіміне «Смокк» базарын жылумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы мен «Теплокоммунэнерго» кәсіпорнымен бірлесіп балама жылу көздерін пайдалану мүмкіндігін қарастыруды тапсырды. «Мереке» базары жобасының мемлекеттік сараптамадан өту процесін аяқтап, сауда орындары маңындағы келік қозғалысын оңтайландыру қажеттігі айтылды.

Қаралып отырған мәселе тек орталықтан бекітілген Жол картасын жүзеге асырумен шектелмейді, сауда орындарын жаңғырту тұрғындар мен саудагерлерге қолайлы және қауіпсіз жағдай жасауға бағытталған. Сонымен қатар облыс орталығының жаңа, заманауи келбетін қалыптастыруға мүмкіндік береді, - деді облыс әкімі Берік Уәлиұлы.

Айта кетсек, қазіргі уақытта облыс аумағында 23 сауда базары жұмыс істейді, онда 3 мыңнан астам сауда орны бар.



Семей қаласындағы бизнес және сервис колледжінде Наурызана онкүндігі аясында Ұлттық киім күніне орай мерекелік іс-шара өтті.

ҰЛТТЫҚ КИІМ — ҰЛТ МАҚТАҢЫШЫ

Іс-шара барысында студенттер қонақтарға ұлттық киім элементтерін өз қолдарымен тігіп, пішу және құрастыру дағдыларын көрсетті. Сонымен қатар көшпелі тұрмысқа тән бұйымдар да таныстырылды.

Колледждің өндірістік оқыту шебері Гаухар Жаныбек жәрме мен сән көрсетілімінде білім алушылардың өз қолымен жасаған жұмыстары ұсынылғанын атап өтті. Біз студенттерді ұлттық киім тігуге үйретеміз. Оқушылар пішімдерді өздері әзірлеп, ұлттық ою-өрнек пен жалпы дизайнды да өз бетінше жасайды. Сонымен қатар дайын бұйымдар бисермен әшекейленеді. Бүгінгі Ұлттық киім күніне орай ұйымдастырылған көрмеде студенттеріміздің өз қолдарымен жасаған бұйымдары ұсынылды. Киімнен бөлек, күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдарды жасауды да үйретеміз, - дейді Гаухар Жаныбек.

Іс-шара барысында «Қоғамдық келісім» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен киіз басу бойынша шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Сондай-ақ колледждің студенттері өздері тіккен киім үлгілерін таныстырып, сән көрсетілімін өткізді.

Облыстың Достық үйі - Қоғамдық келісім орталығының өкілдері мұндай бастамалардың маңыздылығын атап өтті. Бүгін, Наурызана онкүндігі аясында ел көлемінде Ұлттық киім күні аталып өтуде. Біз, облыстық Достық үйі - Қоғамдық келісім орталығы, бұл іс-шараны ұйымдастыруға қолдау көрсетудеміз. Баршаңызды мерекемен құттықтаймыз. Жас ұрпақ салт-дәстүрді білуі ке-



рек, халқымыз ежелден сәндік және ұлттық нақыштағы киімдерді жасауға ерекше мән бергенін ұмытпауы тиіс. Жастармен жұмыс жүргізіп, ата-бабамыздың сәндік қолданбалы өнерін насихаттап жүрген колледжді ұстаздарына алғысымызды білдіреміз, - деді ұйым өкілдері.

Қазақтың дәстүрлі киімдері көшпелі өмір салтының ерекшеліктерін, табиғи-климаттық жағдайларды және қоғамның әлеуметтік құрылымын бейнелейді. Ер адамдар шапан, тақия және былғары аяқ киім кие, әйелдер камзол, кестелі көйлек, сондай-ақ сәуке мен кимешек сияқты бас киімдерді пайдаланған.

Бұл күні еліміздің барлық өңірлерінде тақырыптық акциялар, флешмобтар мен мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. Тұрғындар ұлттық киімді жұмысқа, оқу орындарына және күнделікті өмірде киіп, дәстүр мен ұлттық бірегейлікті сақтауға өз үлестерін қосты.

Өңірлік коммуникациялар қызметі

«ҚАЛАДАН – АУЫЛҒА»

ТАРБАҒАТАЙҒА КЕЛҢІЗ!

Аяғаз ауданына қарасты Тарбағатай ауылы – табиғаты көркем, инфрақұрылымы дамыған, өмір сүруге және кәсіп бастауға қолайлы елді мекендердің бірі. Ауылдың кең-байтақ жері мен еңбекқор халқы оны өңірдегі әлеуеті жоғары ауылдардың қатарына қосып отыр.



ЖИ көмегімен жасалды

Ауылдық округтің жалпы жер көлемі – 184 313 гектар. Оның ішінде 113 590,8 гектары ауыл шаруашылығына арналған. Ауыл халқы, негізінен, мал шаруашылығымен айналысады. Мұнда шаруашылықты дамытуға мүмкіндік мол, табиғи жайылымдары төрт түлік өсіруге қолайлы.

Тарбағатайда тұрғындарға қажетті әлеуметтік нысандар толықтай жұмыс істейді. Елді мекенде мектеп, дәрiгерлік амбулатория, мәдениет үйі, халыққа қызмет көрсету орталығы, полиция бөлімшесі, ветеринарлық пункт, кітапхана және «Қазпошта» бөлімшесі бар. Сонымен қатар спорт кешені, балалар ойын алаңы, сауда орындары, наубайхана және мешіт халық игілігіне қызмет етуде.

Ауылда өмір сүруге қолайлы жағдай жасалған. Жастардың туған жерінде тұрақтап қалуына, еңбек етуіне мүмкіндік көп.

Ауыл көшелері асфальтталып, жарықтандырылған. Тұрғындар сапалы ауыз сумен және интернет желісімен қамтамасыз етілген.

Тарбағатай ауылдық округі әкімдігінің ақпаратына сүйенсек, «Қаладан – ауылға» жобасы аясында көшіп келген азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, жұмысқа орналастыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған, сондай-ақ әлеуметтік бейімдеу шаралары ұсынылады. Тарбағатай – еңбек ететін, кәсіп бастаймын деген азаматтар үшін таптырмас мекен. Табиғатпен үндескен тіршілік пен жаңа мүмкіндіктер тоғысқан бұл ауыл сіздерді күтеді.

Өз тілшіміз

ЦИФРЛАНДЫРУ

Adilet gov мобильдік қосымшасы іске қосылды

Жеке сот орындаушылар Республикалық палатасы Әділет министрлігімен бірлесіп жаңа Adilet gov мобильдік қосымшасын іске қосты.

Қосымшаның басты ерекшелігі оның функционалдығында. Бір ғана мобильдік қосымша арқылы бірнеше мәселені шешеуі болады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Абай облысы жеке сот орындаушылар палатасының басшысы Мағжан Есенбаев мәлімдеді.

Қосымшаны пайдалану арқылы азаматтар уақытын үнемдей алады. Мисалы, сот орындаушысының кеңесіне бармай-ақ оның қаулыларын жүктеп алуға мүмкіндік бар. Ол үшін QR-кодты сканерлеу жеткілікті. Сонымен қатар жеке сот орындаушысымен тікелей байланыс орнатуға болады. Ол үшін Тараптар кабинетіне кіріп, өтініш жазсаңыз, 5 күн ішінде сот орындаушысынан жауап аласыз.

Егер сот орындаушысы жауап бермесе, шағым өрі қарай өңірлік палатаға жіберіледі. Ал палата жауап бермеген жағдайда, өтініш автоматты түрде Әділет департаментіне түседі. Яғни, өңірлі алушыға «Е-өтініш» арқылы шағымды палатаға немесе прокуратураға жазып, бірнеше апта бойы жауап күтудің қажеті жоқ. Тараптар кабинетінде өңірлі алушы ЖСО қандай шаралар қабылдағанын және қандай шаралар қабылданбағанын көре алады, - деді спикер.

Қосымшаның тағы бір артықшылығы – Борышкерлердің бірыңғай тізілімінен мәліметтерді іздеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ пайдаланушы өзіне қандай шектеу қойылғаны туралы ақпарат ала алады. Бұдан бөлек, қолданба атқарушы құжатты іздеуге және оның қай жерде екенін бақылауға мүмкіндік береді.

«Adilet» қосымшасы – атқарушы өндіріске жылдам қол жеткізу жолы. Ол атқарушылық іс-әрекеттердің ашықтығын қамтамасыз етіп, мәжбүрлену орындау шараларының уақтылы жүргізілуіне ықпал етеді. Қосымшаны Google Play мен App Store платформаларынан жүктеп алуға болады, - деді Мағжан Есенбаев.

«ST» - ақпарат



Наурыз

Наурыз – жаңару мен жаңғырудың мерекесі. Наурыз мерекесінің мазмұнын тереңдете түсетін рухани құндылықтардың бірі – ұлттық өнер. Ұлт өнері – ғасырлар бойы халықтың өмірімен бірге тұтастықта сараланып, іріктеліп өзінің өміршеңдігін жалғастырған, халықтың санасына «айшықты белгі» ретінде таңбаланған рухани құндылықтар жүйесін құрайды.

Олардың көнесі бар, жаңасы бар – бір-бірімен тарихи тұрғыда сабақтасып жатады. Халқымыздың ою-өрнегі, қолөнері мен дәстүрлі бұйымдары, айтыс өнері, сөз өнері ұлттың тарихы мен рухани дүниесінің айнасы іспетті.

Ұлттық өнердің сабақтастығы, оның бүгінгі заманмен үндесуі және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы ерекше мәнге ие.



СӘН ӘЛЕМІНДЕП ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ



Ай-Керкем МАҚЫШ,
«Semey tanu»

Қазақ халқының мәдениеті мен рухани байлығы ең алдымен оның ұлттық өнерінен көрінеді. Сан ғасырдан бері жалғасып келе жатқан қолөнер, ою-өрнек, әшекей бұйымдар халқымыздың өмір салты мен дүниетанымынан сыр шертеді. Бүгінде осы асыл мұраны жаңғыртып, оны заманауи бағытта дамытып жүрген шебер жандар аз емес. Солардың бірі – ұлттық нақыштағы бұйымдарды жасап жүрген өнерлі ару – Жібек Серғазықызы.

стиль жаңа сәнге, қазіргі тілмен айтқанда, трендке айналып отыр. Бұл – ұлттық мәдениетке деген құрметтің артып келе жатқанын көрсететін жақсы үрдіс.

Ұлттық өнер мен дәстүрдің маңызын еске салатын ерекше мерекелердің бірі – Наурыз мейрамы. Бұл – табиғат жаңарып, жаңа жыл басталатын, халқымыздың салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтары дәріптелетін мереке. Осынау мереке қарсаңында ұлттық өнерге деген қызығушылықтың арта түсетіні байқалады. Қазақтың киім-дәріні, әшекейлер тағылып, ұлттық бұйымдар ерекше ықыласпен қолданылады.

зығушылық қалыптасатыны анық. Жібек үшін бұл тек қолөнер емес, сонымен қатар ұлттық құндылықты кейінгі ұрпаққа жеткізудің бір жолы.

- Қазақтың ою-өрнектері терең мағынаға ие. Өрбір ою қазақ халқының дүниетанымы мен өмір салтынан хабар береді. Мәселен, қошқар мүйіз оюы молшылық пен берекенің белгісі болса, қарлығаш оюы халқымыздың дүниетанымында отбасының амандығын, берекесін, бейбітшілікті және достықты білдіретін киелі белгі. Бұл ою береке мен бақыттың, жақсылық пен үміттің, отбасы жылуының символы болып есептеледі. Арқар мүйіз пішіндес ою – күш-қуаттың, ба-



Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Міне, осындай мән терең оюларды бұйымдарға қолдану арқылы ұлттық танымды да жеткізуді мақсат етеміз. Өрбір ою-өрнек – ата-бабамыздан жеткен рухани мұра. Сондықтан оларды заманауи бұйымдарға қолдану ұлттық өнердің өміршеңдігін арттыра түседі,- дейді шебер ару.

Ұлттық өнер – халықтың рухани қазынасы. Оны сақтау, дамыту және келер ұрпаққа жеткізу – маңызды міндет. Осындай өнерлі жандардың еңбегі арқылы қазақтың бай мұрасы заманмен бірге жаңарып, жаңғыра бермек.

Алдағы уақытта Жібек өзінің бұл қызығушылығын әрі қарай дамытуға ниетті. Ол кәсіби шеберлігін арттыруды, жаңа идеяларды іске асыруды жоспарлап отыр. Мемлекеттен берілетін қайта-қайта берілетін грантқа жеткізу үшін бизнес-жобасын дайындамақ.

Бұл мүмкіндік арқылы ол ұлттық нақыштағы бұйымдардың түрін көбейтіп, шығармашылық әлеуетін кеңейтуді көздейді. Грант қаражаты – Жібек үшін тек қаржылық қолдау емес, сонымен бірге ұлттық өнерді жаңғыртып, оны заманауи бағытта дамытудың бірден-бір жолы.

тылдық пен төзімділіктің символы. Міне, осындай мән терең оюларды бұйымдарға қолдану арқылы ұлттық танымды да жеткізуді мақсат етеміз. Өрбір ою-өрнек – ата-бабамыздан жеткен рухани мұра. Сондықтан оларды заманауи бұйымдарға қолдану ұлттық өнердің өміршеңдігін арттыра түседі,- дейді шебер ару.

Ұлттық өнер – халықтың рухани қазынасы. Оны сақтау, дамыту және келер ұрпаққа жеткізу – маңызды міндет. Осындай өнерлі жандардың еңбегі арқылы қазақтың бай мұрасы заманмен бірге жаңарып, жаңғыра бермек.

Алдағы уақытта Жібек өзінің бұл қызығушылығын әрі қарай дамытуға ниетті. Ол кәсіби шеберлігін арттыруды, жаңа идеяларды іске асыруды жоспарлап отыр. Мемлекеттен берілетін қайта-қайта берілетін грантқа жеткізу үшін бизнес-жобасын дайындамақ.

Бұл мүмкіндік арқылы ол ұлттық нақыштағы бұйымдардың түрін көбейтіп, шығармашылық әлеуетін кеңейтуді көздейді. Грант қаражаты – Жібек үшін тек қаржылық қолдау емес, сонымен бірге ұлттық өнерді жаңғыртып, оны заманауи бағытта дамытудың бірден-бір жолы.

Зейнет жасына жетсе де, бойындағы шығармашылық қуатын бәсеңдетпей, ұлттық өнердің шырағын маздаттып жүрген жандар арамызда аз емес. Солардың бірі – Ахметжанова Шолпан Арғынбекқызы. Саналы ғұмырын ұстаздық қызметке арнап, талай шәкірттің жүрегіне білім нәрін сепкен ұлағатты жан бүгінде қолөнердің қыр-сырын терең меңгерген шебер ретінде көпшілікке кеңінен танылып отыр.

ҚОЛӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАҒАН ҰСТАЗ

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semey tanu»

Шолпан Арғынбекқызы - өмірі өнегеге толы тағлымды тағдыр иесі. Айтуынша, Абай ауданына қарасты Қарауыл ауылында дүниеге келіп, зиялы ортада тәрбие алған. «Ұстаздар мен журналистердің отбасында өстім» деуі оның бойындағы білімге құштарлық пен сөз өнеріне деген құрметтің қайнар көзін аңғартса керек. Кейіпкеріміздің отбасы кейін Семей қаласына қоныс аударып, №16 қазақ орта мектебін ойдағыдай тамамдады.

Еңбекқор, ізденімпаз қыздың білімге деген ұмтылысы оны 1978 жылы Крупская атындағы Семей педагогикалық институтына жетелейді. Бұл оқу орнында қазақ мектептеріндегі орыс тілі пәні мұғалімі мамандығын игеріп, болашақтағы өмір жолын айқындайды. Жас маман ретінде еңбек жолын бастаған сәттен-ақ ол ұстаздықты тек мамандық емес, үлкен жауапкершілік пен рухани миссия деп қабылдайды. 1983 жылы Абай ауданындағы Құндызды орта мектебінде ұстаздық жолын бастаған Шолпан Арғынбекқызы ауыл балаларына білім беріп қана қоймай, олардың бойына адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды сіңіруге бар күш-жігерін салды. 1997 жылы Семей қаласына қоныс аударып, педагогикалық институтта және қала мектептерінде еңбек жолын жалғастырды. Ал зейнеткерлікке шығар алдындағы қызмет орны қаламыздағы №17 мектеп болды. Осылайша, қырық жылдан астам уақытын шәкірт тәрбиесіне арнаған кейіпкеріміз талай буының санасына сәулелі түсіріп, жүректеріне ізгілік нұрын шашты.

Шолпан Арғынбекқызы отбасының да ұйытқысы бола білді. Үш бала тәрбиелеп өсіріп, оларды өмір жолына бағыттаған аяулы ана, бүгінде немерелерінің қызығына бөленіп отырған асыл әже. Тұңғышы Халыққа қызмет көрсету орталығында бас маман қызметін атқарса, екінші перзенті жеке кәсіппен айналысады. Ал қызы Алматы қаласында еңбек етуде. «Алматы берген немерелерім бар» деп, олардың да қолөнерге бейім екенін мақтанышпен айтады.

Бүгінде Шолпан Арғынбекқызы Семей қаласындағы Қарағайлы ықшам ауданында тұрады. Кейіпкеріміз үшін зейнеткерлік – тыныш өмір емес, қайта жаңа мүмкіндіктер кезеңі. Ұстаздықпен ұштасқан қолөнерге деген сүйіспеншілігі оны жаңа биіктерге жетелеп келеді. Шолпан ханымның айтуынша, қолөнерге деген қызығушылығы бала кезінен бастау алған. Қазақтың тәрбиесін қайтару бұлағынан суындап өскен ол әжесінің жанында жүріп, киіз басып, сырқақ сыруды, ою-өрнек салуды үйреніп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген.

- Әжемнің өрбір ісі мен үшін үлкен мектеп болды. Оның қасында жүріп, қолөнердің тек еңбек емес, тұтас бір өнер екенін ұқтым,- дейді шебер.

Кейіпкеріміздің қолөнерге бейім болуына отбасындағы тәрбиенің де әсері зор болғаны анық. Шолпан Арғынбекқызының айтуынша, ата-анасы да қолөнерден алыс болмаған.

Бүгінде кейіпкеріміз өз қолымен әсем бұйымдар жасайды. Оның қолынан шыққан өрбір туынды – ұлттық нақыш пен заманауи талғамның үйлесімді көрінісі. Әсіресе сәнді семкелері мен әшекей бұйымдарға арналған түрлі қобдишалары көпшіліктің жоғары бағасына ие. Түрлі түсті маталар мен ою-өрнектерді үйлестіре отырып жасаған өрбір бұйымды қолөнерге жеткізіп отырып жасаған өрбір бұйымдары мерекелер мен көрмелерде жұрт назарына ұсынылып келеді. Оның туындыларына сұраныс та жылдан-жылға артып келеді. Қарапайым ғана материалдардан көз тартарлық бұйым жасап шығару үлкен шеберлікті талап етеді. Зейнетке шығумен деп қол қусырып отыру ісмердің табиғатына жат. Керісінше, ол бұл кезеңді жаңа бір белем, жаңа мүмкіндіктер уақыты ретінде қабылдайды. Оның өмірге деген құштарлығы, еңбекке деген адалдығы өзгергеніне үлгі болары сөзсіз. Қолөнер арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеп жүрген Шолпан Ахметжанова бүгінгі қоғам үшін рухани байлықтың жарқын үлгісі іспетті. Ұлттық өнердің тамыры тереңде жатыр. Сол тамырды үзбей, бүгінгі ұрпаққа жеткізіп жүрген осындай жандар барда қазақтың қолөнері де ешқашан жоғалмақ емес. Шолпан ханымның шығармашылығы – соның айқын дәлелі.

Қателеспесем, Қала күніне арналған концерт-шағын бағдарлама аясында ұйымдастырыл-



ған көрменің бір сәті әлі күнге дейін көз алдымда. Қалың көпшіліктің ортасында тұрып ерекше бір жылтыр сезіліп тұрған бұрышқа назарым ауған еді. Сол жерде Шолпан Арғынбекқызының қолынан шыққан әсем бұйымдарға көзім түсті. Өрбір қолөнер туындысына үңілген сайын, оның жай ғана зат емес, тұнып тұрған еңбек пен жүрек жылуының жемісі екенін анық аңғардым. Шынымды айтсам, сол сәтте бойымды ерекше бір сезім билеп алған болатын. Зейнет жасына жеткен аға буын өкілдерінің арасында «көзім көрмейді», «денсаулығым жарамайды» деп өз мүмкіндіктерін шектеп жататындары да жоқ емес. Ал Шолпан алайды болмысы бұған мүлде кереғар. Ол кісінің жүзінен шаршау емес, керісінше, өмірге деген құштарлық пен ерекше белсенділікті байқайсыз. Жылы жүзі мен мейірімге толы жанары өрбір келушіні өзіне тартып тұратындай әсер қалдырады. Шебермен өңіміз барысында оның тек ісмер ғана емес, кең жүректі, шынайы жан екенін де сезіндім. Шолпан Арғынбекқызы өрбір қолөнер бұйымының жасалу жолын асықпай айтып берді. Қарапайым матаның қалай тандалатынын бастап қалай пішіліп, қандай ою түрінмен безендірілетінін дейін тәптіштеп жеткізді. Тіпті кей сәттерде ол өз туындыларын жай таныстырып қана қоймай, олардың «жан дүниесін» ашып көрсетіп жатқандай әсер қалдырды.

Осындай жандарды көргенде, қолөнердің тек кәсіп емес, жүрек қалауы екенін түсінесің. Шолпан апау үшін өрбір бұйым – өмірінің бір бөлшегі, жан жылуының көрінісі. Сондықтан да оның еңбектері көрген жанды бейжай қалдырмайды. Тағы бір айта кетерлігі, шебердің әр туындысынан түс пен талғамның тамаша үйлесімі байқалады.

Сол көрмеден шыққан сәтте бір ойға келдім: адам қазақ ұлғайған сайын өмірден шет қалмауы тиіс. Керісінше, сүйікті ісімен шұғылданып, айналасына шауқ шашып, өнеге көрсете білуі керек. Ал Шолпан Арғынбекқызы – сондай жан.

ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛҒА АРНАЛДЫ

Семей қаласында, Қалалық Мәдениет сарайында, Наурызнама онкүндігі аясында қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған «Жыр – Жамбыл» атты облыстық айтыс өтті.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semey tanu»

Қалалық мәдениет сарайында өткен ақындар айтысы қазақ поэзиясының алыбы, Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойына арналды. Дәстүрлі сөз өнерінің көрігін қыздырған додаға Абай облысы аудандарынан жиналған 10 ақын қатысып, өзара бақ сынады. Олардың қатарында Қуаныш Еркинұлы, Жасұлан Махаев, Мирас Сламшайықұлы, Қуандық Кенжебекұлы, Манарбек Сатыбалды, Айбек Жеңісқазин, Фархат Маратұлы, Ерасыл Сәрсенбаев, Ераділ Ереже және Әлішер Қыдырбекұлы сынды сөз жүйріктері бар.

Ақындар ұлттық құндылықтарды дәріптеп, бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерін жырға қосып жеткізді.

Айтыстың әділ бағасын берген қазылар алқасының құрамында Халық ақындар орталығының жетекшісі Дәметкен Омарбаева, Халықаралық ақын-дар мен жыршы-термешілер одағы Абай облыстық филиалының төрағасы Дәулет Сметов, сондай-ақ Қарлығаш Әубәкірова, Қайрат Сабырбаев және Ұлан Сағадиев болды. Ақындардың суырыпсалмалық қабілеті мен сахналық мәдениеті, тапқырлығы мен өлең мазмұнының тереңдігі айтысты бағалауды басты талап болды.

Екі айналымнан тұрған тартысты додада ақын-дар айтысты өнер көрсетіп, көрермен көңілінен шыға алды. Бас жүлдеге тігілген 1 миллион теңгені се-



мейлік айтыскер ақын Қуандық Кенжебекұлы жеңіп алды. Ал I орынды Айбек Жеңісқазин, II орынды Манарбек Сатыбалды иеленсе, III орынды Жасұлан Махаев қанжығасына байлады.

Сөз сайысының соңында Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев жеңімпаздар мен жүлдегерлерді құттықтап, ұлттық өнердің өркендеуіне үлес қосып жүрген ақындарға алғыс білдірді.

Жалпы, «Жыр – Жамбыл» атты облыстық айтыс ұлт руханиятының алтын арқауын жалғастырып, дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырған тағлымды кеш болды.

Қарсы аламын Ұлысымның ақ таңын!

Ұрпағымыз бері тектес Түркінің, Ізгіліктен көрмегенбіз іркіліп. Күн мен түнім теңелгенде қуанған, Ұлы күні оянда деп тіршілік!
Ұлы далам ұлан-ғайыр, жері кең, Ұлылығың дәстүріңнен көрінген. Ұлы күнде тілек тіле, ағайын, Тыныштығың сақташы деп жерімнің!
Қызыр бабам, қылығымыз жат па бұл? Тілім, салтым, бірлігімді сақтадым. Ырысымды молайтшы деп, Тәңірім! Қарсы аламын Ұлысымның ақ таңын!
Шуағы мен нұрын сеуіп көкте күн, Көкке тойсын көгендегі көк төлім. Аққа толып, сары қымыз сабамыз, Берекесі мынау жұрттың келтегіні!
Көрген қазақ зобалаңның талайын, Келер күнге үмітпенен қараймын. Жаңа күнім, жақсылығыңды ала кел, Аман болсын алты Алашым, ағайын!
Аман болсын Адам ата баласы! Аман болсын құрлықтардың арасы! Сәлем салып бір-біріне үйренсін, Бауырмалдық Наурыз күнмен жарассын!

Ұ.АТАНБАЕВ





АБАЙ

ЖӘРМЕҢКЕДЕ
БӘРИ АРЗАН

Абай ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі мен ауылдық округ әкімдіктерінің ұйымдастыруымен азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында тұрақты түрде жәрмеңке өткізілуде.

Өткен сәрсенбі күні өткен кезекті жәрмеңкеде «Шоманов» жеке кәсіпкерлігі «Роса» жеміні, «Семей» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы көкөніс өнімдері мен тауық жұмыртқасын, «Вышковская» жеке кәсіпкерлігі Бородулиха балы, «Полтавец» жеке кәсіпкерлігі шұжық өнімдерін саудаға шығарды. Тұрғындарға 150 келі сиыр еті, 130 келі жылқы еті, 130 келі тауық еті, 5400 дана жұмыртқа, 400 келі шұжық өнімдері, 150 келі бал, 33 келі сары май, 188 келі сүт өнімдері, 30 литр қымыз, 20 тонна «Роса» жемі, сондай-ақ 2,5 тонна көкөніс өнімдері қолжетімді бағада ұсынылды.

АЯГӨЗ

«НАУРЫЗ – БАЗАРЛЫҚ»

Аягөз ауданы әкімінің міндетін атқарушы Айбек Нұғымаров Наурызнама онкүндігі аясында, Шаңырақ күніне орай, аудандық орталық ауруханаға барып, жаңа туған нәрестелердің ата-аналарын құттықтады.

Сәбилерге «Наурыз-базарлық» сый-кәделерін табыстап, жас отбасыларға ақжарма тілектерін жеткізді. Айбек Серікболұлы құттықтау сөзінде отбасы институтының маңыздылығын атап өтіп, аналар мен өмір есігін ашқан нәрестелерге бақыт пен амандық тіледі.

Мұндай шаралар қоғамдағы береке мен бірлікті нығайтуға септігін тигізеді.

БОРОДУЛИХА

ТАҢДАУ МОЛ –
БАҒА ҚОЛЖЕТІМДІ

Бородулиха ауданында кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Бұл жолғы жәрмеңкеге Андреевка және Новошұлы ауылдық округтерінің шаруалары өз өнімдерін ұсынды.

Сауда алаңында сиыр еті 3500 теңгеден, жылқы еті 3200 теңгеден, қой еті 3500 теңгеден саудаланды. Сондай-ақ балық, құс еті, бал және сүт өнімдері тұрғындарға қолжетімді бағада ұсынылды.

Бұл жәрмеңкенің негізгі мақсаты — азық-түлік бағасын тұрақтандыру. Ең бастысы, мұнда тұрғындар табиғи таза, сапалы өнімдерді нарықтан төмен бағада тікелей өндірушінің өзінен сатып алады. Жергілікті тауар өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған осындай жәрмеңкелердің маңызы зор.

Жалпы, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі апта сайын өткізіледі.

ЖАҢАСЕМЕЙ

ТЕХНИКАЛАРДЫҢ
ДАЙЫНДЫҒЫ
ТЕКСЕРІЛДІ

Ертіс ауылдық округінде көктемгі дала жұмыстарына дайындық аясында ауыл шаруашылығы техникаларының байқауы өтті. Шараның мақсаты – көктемгі егіс науқанының сапалы әрі уақтылы жүргізілуін қамтамасыз ету.

Іс-шара барысында техникалардың жай-күйі тексеріліп, сақтық шаралары пысықталды. Байқауға округтегі шаруа қожалықтарының тракторлары, комбайндары және басқа да ауыл шаруашылығы техникалары қатысты.

Тексеру барысында мамандар техникалардың жалпы жағдайына, қозғалтқышы мен тежегіш жүйесіне, жарық құралдарына және қауіпсіздік талаптарының сақталуына назар аударды. Сонымен қатар құжаттарының толықтығы мен техникалық жарамдылығы да қаралды. Өрбір техниканың жағдайы мұқият бағаланып, көктемгі дала жұмыстарына дайындығы анықталды.

ЖАРМА

ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН

Жарма ауданының Аршалы ауылдық округінде көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында қар шығару жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Арнайы техникалардың көмегімен көшелер мен аулалардағы қар сыртқа шығарылып, арықтар мен су арналары тазартылуда.

Күннің күрт жылынуы қардың тез еруіне әкелетін белгілі. Сол себепті алдын ала жүргізілген жұмыстардың маңызы зор. Су өткізу жолдарының уақтылы ашылуы тасқын судың бағытын реттеп, төтенше жағдайлардың алдын алады. Жауапты қызметтер жағдайды тұрақты бақылауда ұстап, қажетті жұмыстарды үйлестіріп отыр. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар арасында қауіпсіздік шараларын сақтау және өз аумақтарын қардан тазарту жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ
ТУРНИРИ

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында Өуезов кентінде «Solidcor Resources» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демеушілігімен тоғызқұмалақ турнирі өтті.

Зияткерлік сайыс 18 наурыз – Ұлттық киім күніне орай ұйымдастырылды. Осы мерекеге орай, турнирдің басты шарты қатысушылардың ұлттық нақыштағы киіммен келуі болды.

Түрлі ою-өрнекпен көмкерілген шапан мен камзол, сәукеле мен тақия киген қатысушылар көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Тоғызқұмалақ – халқымыздың сан ғасырлық мұрасы, ой мен парасаты ұштастыратын зияткерлік өнер. Осы дәстүрді жаңғырту мақсатында ұйымдастырылған турнир бес кезеңнен тұрып, әр кезеңі тартысты әрі қызықты өтті. Сайыс нәтижесінде Бақыршық орта мектебінің ұстазы Нұрбек Әділбекұлы жеңімпаз атанды.

«СТ» - ақпарат

АБАЙ

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ



Қазақ халқы үшін шаңырақ – отбасының ғана емес, тұтас ұлттың бірлігі мен берекесінің символы. 17 наурыз – Шаңырақ күні - отбасы институтының маңызын айқындап, ұлттық тәрбиенің өзегін жаңғыртатын ерекше мерекелердің бірі.

Осы мерекеге орай, Абай ауданының Қасқабулақ ауылындағы мәдениет үйінде, «Киелі шаңырақ» атты тағылымы мол іс-шара – отасқандарына 50 жыл толған ардақты жандар Рымбек Ысқақұлы мен Құлмариға Кәріқызымен кездесу өтті.

Жарты ғасыр бойы бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, сыйластық пен түсіністіктің, еңбекқорлықтың үлгісін көрсетіп келе жатқан бұл жандардың өмір жолы – кейінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге. Кездесудің басты мақсаты да отбасы құндылықтарды дәріптеу, өнегелі жаңуына жастарға үлгі ету, жас буынды адамгершілікке, адалдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу болды.

Рымбек Ысқақұлы мен Құлмариға Кәріқызының отбасында 11 бала дүниеге келді. Ұрпақтары өсіп-өніп, бүгінде берекесі мен бірлігі жарасқан үлкен әулетке айналды отыр. Осындай өнегелі шаңырақтың тірегі болып отырған ата мен

әженің өмірі - жастарға үлгі.

Іс-шара барысында қонақтар әулеттің өмір жолымен танысып, жүрекжарды тілектерін білдіріп, ақ баталарын алды. Өсем ән мен күмбірлеген күй, тағылымды естеліктер кеш көрігін қыздырды.

Қазақ ұғымында шаңырақ – әулеттің тұтастығының, ынтымағы мен ырысының белгісі. Шаңырақ күнін атап өтудің мәні – жас ұрпаққа отбасындағы сыйластықты, ата-ана алдындағы парызды және ұлттық тәрбиенің маңызын ұғындыру. Бұл күні ағайын-туыс бір-біріне қонаққа барып, үлкендердің батасын алады. Бүгінде бұл мереке тек бір отбасының аясында ғана емес, жалпыұлттық деңгейде кеңінен аталып өтіп, түрлі мәдени-рухани іс-шаралар арқылы жалғасын табуда.

Алуа БЕРІКБОЛОВА,
Абай аудандық ішкі саясат,
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы

БОРОДУЛИХА

ГЕМОДИАЛИЗ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Бородулиха ауданында гемодиализ орталығы ашылды. Нысанның пайдалануға берілуі аудан тұрғындары үшін айтулы оқиға болды. Енді бүйрек жеткіліксіздігімен ауыратын аудан азаматтарына ем алу үшін облыс орталығына сабылып, ұзақ жол жүрудің қажеті жоқ.

Жергілікті тұрғындардың көптен күткен тілектері орындалып, аудан орталығында «BB Nura» клиникалар желісінің жаңа гемодиализ орталығы ашылды. Аталған орталық аудан әкімдігінің белсенді қолдауымен және облыстық мөлсіхат депутаты, «Жерновское» ЖШС директоры Азамат Өубәкұровтің көмегінің арқасында іске қосылды. Әлеуметтік маңызы бар бұл медициналық нысан билік пен бизнес өкілдерінің бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде қысқа мерзім ішінде пайдалануға берілді.

Бүгінде орталықта 20-ға жуық науқас гемодиализ емің қабылдауда.

Медициналық нысанның ашылу салтанатына Бородулиха ауданы әкімінің міндетін атқарушы Талғат Мұратов қатысып, жаңа орталықтың жұмысымен танысты. Құттықтау сөзінде Талғат Батырұлы аудан тұрғындары үшін медициналық көмекті уақтылы көрсетудің маңыздылығын атап өтті.

Ең бастысы, біздің азаматтарымыз қалаға бармай-ақ аудан орталығында сапалы медициналық көмек алуы керек. Сапалы медициналық көмекке қолжетімділік тұрғындардың өмірін сақтап, денсаулықтарын қызартуға мүмкіндік береді. Мұндай медициналық қызмет әр ауданда болуға тиіс, – деді Талғат Мұратов.

Іс-шарада сөз алған «BB Nura» клиникалар желісінің негізін қалаушы Индира Азимбаева соң-



ғы жылдары Қазақстандағы гемодиализ саласының дамуы туралы айтып өтті. Оның айтуынша, 2010 жылға дейін жабдықтардың жетіспеушілігі мен қатан жас шектеулеріне байланысты емдеу мүмкіндіктері шектеулі болған. Қазіргі таңда медицина қарқынды дамып, жақса байланысты шектеулер жойылған, бүйрек ауыстыруды алмастыратын диализ емін аптаны науқастардың өмір сүру ұзақтығы едәуір артқан.

- Бүйрек – аппараттың көмегімен қызметін

ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Бородулиха ауылының дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде әйелдер командалары арасында волейболдан аудандық көктемгі лига өтті.

Жарысқа ауданға қарасты ауылдық округтерден 5 команда қатысты. Көктемгі лига «Спорт терроризм мен экстремизмге қарсы» ұранымен өтті.

Осы спорт түрімен шұғылданатын жандар мен жанкүйерлердің басын қосқан жарыс нағыз тартысты додаға айналды. Әр команда жеңіске жету үшін бар күшін салып, көрермендерге қызықты әрі әсерлі ойын өрнегін ұсынды. Қатысушылар жоғары деңгейдегі шеберліктерін, ұйымшылдығын және жеңіске деген жігерін айқын көрсете білді.

Жарыс қорытындысында ұйымдастыру комитеті жекелеген номинациялар бойынша үздіктерді анықтады. «Үздік шабуылшы» аталымына Мария Фосс ие болса, «Үздік байланыстырушы» номинациясы Анель Құрманғалиеваға бұйырды. Ал «Пайдалы ойыншы» ретінде Алина Люшонко танылса, «Үздік қорғаушы» аталымы Назгул Қажболотқа берілді.

Тартысты өткен бәсеке нәтижесінде I орынды Бородулиха ауылының командасы жеңіп алса, II орын аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің командасына бұйырды. Ал жүлделі III орынды Уба-Форпост ауылының командасы иеленді. Төртінші орынды Жезкент кентінің командасы қанағат тұтты.

Жарыс соңында ұйымдастырушылар жеңімпаздар мен жүлдегерлерді құттықтап, турнирге қатысқан барлық командалар мен жанкүйерлерге алғыс білдірді.

БЕСҚАРАҒАЙ

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫМЫЗДЫҢ АЙНАСЫ

Ұлттық киім – халқымыздың ғасырлар қойнауынан жеткен, халықтың тарихын, дүниетанымын, эстетикалық талғамын, болмысын айқындайтын, ешқашан мәні мен маңызын жоғалтпайтын асыл мұра.



Қазақ руханиятының темірқазығына айналған Абай мұрасы – ұлттың ой-санасын жаңғыртып, жас ұрпақтың бойына адамгершілік, білім мен адамгершілік қасиеттердің дәнін себетін баға жетпес қазына.

АБАЙ МҰРАСЫ ДӘРІПТЕЛГЕН КЕШ



Аягөз ауданындағы №4 жалпы орта білім беретін аралас мектепте ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығын дәріптеуге арналған «Абай оқулары» әдеби-танымдық іс-шарасы өтті.

Ақынның мұрасын кеңінен насихаттау арқылы жас ұрпақтың рухани жан дүниесін байыту, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру мақсатын көздеген шара мектеп директоры Мархаба Тоқтарбековнаның жетекшілігімен, мектеп әкімшілігі мен ұжымының, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Кеш барысында оқушылар Абайдың өлеңдерін, қара сөздерінен үзінділерді мәнерлеп оқып, ақын шығармаларының терең философиялық мәнін ашуға тырысты. Сондай-ақ сахналық көріністер қойылып, Абай өңдері шырқалды. Шағын сахналық қойылымдар көрермендерге ерекше әсер сыйлап, ұлы тулғаның өмірі мен шығармашылығының маңызын тағы бір мәрте айқын көрсетті. Әдеби қойылымдар оқушылардың сахна мәдениетін қалыптастырып, олардың ойлау қабілеті мен тіл байлығын дамытуға мүмкіндік береді.

Аягөз ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес өткізілген бұл тәрбиелік мәні зор іс-шара оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар Абай мұрасын дәріптеу арқылы жас буынның бойына адамгершілік, білімге құштарлық және ұлттық рух сынды асыл қасиеттерді сіңіруге болатынын тағы бір мәрте дәлелдеді. Осындай рухани мазмұндағы іс-шаралар жас ұрпақты тәрбиелеуде ерекше маңызға ие. Ұлы ақынның өнегелі өмірі мен терең ойлары ескеңеңе буын үшін әрдайым бағыт-бағдар беретін рухани қазына болып қала бермек.

Өз тілшіміз

алмастыруға болатын жалғыз орган. Бізде 22 жыл бойы диализде өмір сүріп келе жатқан науқастар бар. Қазіргі таңда жас маңызды рөл атқармайды, біз 75-80 жастағы науқастарды да емдейміз. Біздің міндетіміз – сапалы емдеуді баршаға тең дәрежеде қолжетімді ету, – деді Индира Муслимханқызы.

Бородулиха аудандық ауруханасының бас дәрігері Марат Қосамбеков жаңа орталықтың техникалық мүмкіндіктерін жоғары бағалады.

- Орталық заманауи медициналық жабдықтармен толық жабдықталған. Мұнда бүйрек аурулары бар науқастар үшін облыстағыдай жағдайлар жасалған, – деп атап өтті Марат Қосамбеков.

Орталықта ем қабылдап жүрген тұрғындардың бірі Сергей Зозуля да өз әсерін бөлісті. Оның айтуынша, гемодиализ орталығының ашылуы аудан тұрғындары үшін үлкен мүмкіндік болды.

— Бұрын әр сапар мен үшін үлкен сынақ еді. Мен Гербиль ауылында тұрамын, аптасына үш рет Семейге 150 шақырым жол жүріп, ем алуға баратынымын. Әр жолы көлікті өзім жүргізетінімін, таңертең жету оңай болғанымен, диализден кейін кері қайту өте қиын әрі шығын еді. Ал енді «BB Nura» орталығының ауданымызда ашылуы бұл мәселені толық шешіп, жағдайымызды айтарлықтай жақсартты, – деді ол.

Орталықта науқастар үшін қажетті жағдай жасалып, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген, ал медицина қызметкерлері, медбикелерден бастап дәрігерлерге дейін – өз ісінің білікті мамандары. «BB Nura» орталығының ашылуы «барлығына әділ ері қолжетімді медицина» қағидатының нақты жүзеге асқанын көрсетіп, ауданның әлеуметтік инфрақұрылымын дамытудағы маңызды оқиға болды.

Шайза ДОСКЕЕВА



Бородулиха ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі

құрметтеуге баулу болды. Іс-шара аясында қазақ халқының дәстүрлі киімдері, ұлттық киімдердің шығу тарихы, жасалу ерекшеліктері, қолданылған материалдар мен ою-өрнектердің мән-мағынасы туралы мол мағлұмат беретін кітап көрмесі қойылды.

Кітапханасы өз сөзінде ұлттық киімнің әр бөлшегінің өзіндік символикасы бар екенін атап өтіп, олардың тәрбиелік мәніне ерекше тоқталды. Оқырмандар назарына тақырыптық бейнеролик ұсынылды.

Кеш барысында жастар заманауи сәнмен үйлестірілген ұлттық киім үлгілерін көрсетіп, әрбір бұйымның тарихы мен ерекшелігін жан-жақты түсіндірді. Іс-шара аясында өткен пікірталас та мазмұнды болды. Қатысушылардың пікірінше, ұлттық болмысты сақтаудың және оны жаңа деңгейде дамытудың бір жолы ұлттық киімді күнделікті өмірге кеңінен енгізу. Мұндай іс-шаралар жастардың тарихи санасын қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында ұлттық мақтаныш сезімін оятады. Ұлттық киімді құрметтеу – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа деген жауапкершіліктің белгісі. Себебі мәдени мұраны сақтау – әрбір ұрпақтың қасиетті парызы.

Ш.АСАНҚЫЗЫ



ЖАРМА

«ЖАРМА БАРЫСЫ» АНЫҚТАЛДЫ

Жарма ауданының Шар қаласындағы спорт кешенінде қазақ күресінен дәстүрлі «Жарма барысы – 2026» аудандық жарысы өтті.

Ұлттық спортты насихаттауға бағытталған дүбірлі додаға ауданның әр округінен келген балуандар қатысып, боз кілемде өзара мықтыны анықтады.

Жарыстың ашылу салтанатына аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев, сондай-ақ құрметті қонақтар — қазақ күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия және әлем чемпионы Еркін Сейтқазынов, грек-рим күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әлем және Азия кубоктарының иегері, Шығыс Азия ойындарының күміс жүлдегері Нұрлан Қойжайғанов және қазақ күресінен Азия, Еуропа, әлем жеңімпазы, дзюдо мен самбодан спорт шебері, Абай облысының аға жаттықтырушысы Думан Қыздарбеков қатысты.

«Асыл ұрпақ 2020» ЖШС басшысы А. Сәрсембаев турнирге бас демеуші болды. Дәстүрлі бәсекеге ауданның 10 округінен барлығы 28 спортшы қатысып, әр салмақ дәрежесінде бақ сынасты. Балуандар тартысты белдесулер өткізіп, өз шеберліктерін паш етті.

Турнирдің қорытындысы бойынша, «Жарма барысы – 2026» атағына Жаңғызтөбе кентінің балуаны Дамир Гульманов ие болды.

Ал 1-орынды 60 келі салмақ дәрежесінде Марат Қарақанов, 70 келі салмақ дәрежесінде Медет Айсанов, 80 келі салмақта Фархат Есімбеков, 90 келіде Дархан Байқалов жеңіп алды.

Ұлттық спорттың мәртебесін арттыруға бағытталған бұл жарыста жас балуандар тәжірибе жинақтап, қазақ күресінің дамуына серпін берді.



«СТ» - ақпарат

Жарма ауданында Наурызанама онкүндігі аясында қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық тағамдарын насихаттау мақсатында Жарма технология колледжінде тағылымы мол мерекелік іс-шара – «Bauyrsaq Party» ұйымдастырылды.

«Bauyrsaq Party»

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

Ерекше форматта өткен іс-шарада студенттер мен ұстаздар қауымы қазақ халқының дәстүрлі тағамы бауырсақтан дәм татты.

Мерекелік бағдарламаның маңызды бөлігі студенттердің қатысуымен өткен қолөнер көрмесі болды. Көрмеде ұлттық нақыштағы әр түрлі бұйымдар, зергерлік өшекейлер, кестеленген киім үлгілері мен тұрмыстық заттар көпшілік назарына ұсынылды. Әр туынды қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Студенттердің өз қолымен жасаған бұйымдары олардың шығармашылық қабілетін ғана емес, ұлттық мәдениетке деген құрметін де айқын көрсетті.

Осындай тағылымды шаралар арқылы колледж ұжымы ұлттық дәстүрлерімізді жаңғыртуға, жас ұрпақты рухани құндылықтарға баулуға ерекше мән беретінін көрсетті. Наурызанама онкүндігі аясында өткен бұл іс-шаралар студенттердің бойында отансүйіштік сезімді қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті нығайтуға үлес қосары анық.

Жалпы, Жарма технология колледжінде өткен мереке мазмұнды бағдарламасымен, ерекше атмосферасымен есте қалды. Ұлттық дәстүр мен заманауи дәстүрлерді ұштастырған мұндай шаралардың маңызы әрдайым ерекше. Ұлттық дәстүрді дәріптеп, ұмыт бола бастаған ата-баба салтын қайта жаңғыртуға бағытталған мұндай шаралар Наурыз мейрамының тәрбиелік мәнін одан әрі арттыра түсті.



КӨКПЕКТІ

КӨП БАЛАЛЫ АНА
КӘСІП БАСТАДЫ

Көкпекті ауылының тұрғыны - көп балалы ана Эльмира Саябекова мемлекет тарапынан берілген қайтарымсыз гранттың көмегімен жеке кәсібін бастады. Бұл – ауданда шағын және орта бизнестің дамуына қосылған тағы бір нақты үлес.

Кәсіпкер грант қаражатына қажетті құрал-жабдықтарды толықтай сатып алып, жартылай дайын өнімдер өндіруді қолға алған. Бүгінде жаңа нысанда тұшпара, сорпаға арналған жиынтықтар және өзге де тағам түрлері дайындалады.

Ісін жаңа бастаған кәсіпкер төрт адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарының табысын арттыруға және жергілікті экономиканың дамуына оң әсерін тигізеді анық.

Мемлекеттің қолдауына сүйеніп кәсіп ашқан Эльмира Саябекова ісі алға басса, өндіріс көлемін ұлғайтып, өнім түрлерін көбейтуге ниетті.

ҮЗДІК НӘТИЖЕ
КӨРСЕТТІ

Көкпекті ауданы мұғалімдері арасында өткен спартакиадада мектебінің ұжымы жоғары нәтиже көрсетіп, бірнеше спорт түрінен жүлделі орындарға ие болды.

Асық ату бойынша I орынды жеңіп алса, бес асық ойынынан II орынға ие болды. Сондай-ақ арқан тарту сайысында да қарсыластарынан басым түсіп, I орынды қанжығаларына байлады. Бұл жетістік – тек спорттық шеберліктің ғана емес, сонымен қатар ұжымдағы ауызбіршілік пен өзара қолдаудың нәтижесі. Өріптестердің бір-біріне деген сенімі, ортақ мақсатқа ұмтылысы мен жеңіске деген жігері жарыс барысында ерекше байқалды.

Мұндай жарыстар ұжымның ынтымағын арттырып қана қоймай, салауатты өмір салтын насихаттауға да үлкен ықпал етеді.

МАҚАНШЫ

ҚАТЫМХАНА АШЫЛДЫ

Мақаншы ауылында жаңа қатымхана ашылды. Ауыл тұрғындары үшін маңызды рухани нысанның ашылуына Мақаншы ауданының әкімі Дәурен Қойгелдин, ардақты ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелер, ауылдық округ әкімдері мен тұрғындар қатысты.

Салтанатты іс-шарада сөз алған Дәурен Бақытжанұлы көп жылдар бойы бос тұрған ғимараттың ауданның беделді азаматтарының қолдауымен қайта іске қосылып, пайдалануға беріліп отырғанын атап өтті.

Салтанатты шарадан кейін аудан әкімінің атынан ауызашар дастарқаны жайылды.

ҮРЖАР

ӨРТ СӨНДІРУ

ТЕХНИКАСЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Ауданға Төтенше жағдайлар министрлігі тарапынан жаңа КАМАЗ АЦ-5-40 (43253) өрт сөндіру техникасы табысталды.

Арнайы техниканы тапсыруға арналған салтанатты рәсімге Абай облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаменті бастығының бірінші орынбасары Д.Алимкин қатысып, жаңа техниканың кілтін аудандық өрт сөндіру бөліміне табыстады.

Іс-шараға аудан әкімі А.Башимбаев, төтенше жағдайлар қызметінің ардагерлері, сала мамандары және ауыл тұрғындары қатысты. Жаңа көліктер өрт қауіпсіздігін күшейтіп, жылдам әрекет етуге және өрт сөндіру мүмкіндігін арттыруға ықпал етеді.

АЛДЫН АЛУ
ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында ауданда «Тазалық күні» ұйымдастырылды. Іс-шараға 35 елді мекеннен мекеме қызметкерлері, коммуналдық сала мамандары және тұрғындар белсенді қатысты.

Тазалық жұмыстары барысында еріген қар суының кедергісін ағып өтуі үшін барлық елді мекендердегі арықтар тазартылды.

Аудан аумағында «Қазушардың» облыстық филиалының теңгеріміндегі 5 су тарату торабы, 16 магистралдық канал және 2 су қоймасы бар. Іс-шара барысында 15 көпір мен 159 су өткізгіш құбыр тазартылды.

Қазіргі уақытта су соратын 21 мотопомпа дайын тұр. Сонымен қатар ауылдық округтерде су тасқыны қауіп төнген жағдайда уақытша бетгеттер тұрғызу үшін 5200 қап инерттік материал дайындалған.

Көктемгі су тасқыны кезеңінде тұрғындар мен елді мекендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар аудан көлемінде жалғасуда.

SEMEI

«НАУРЫЗДЫҢ
ЖЕТИ СЫЙЫ»

Семей қаласындағы Балалар мен жастар сарайында Наурызанама онкүндігі аясында «Наурыздың жеті сыйы» атты театрландырылған қойылым сахналанды.

Мерекелік қойылымның басты көрермендері көп балалы және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары болды. Сахнада Наурыз мейрамының тарихы мен тағылымы кеңінен көрініс тауып, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлер көркем түрде дәріптелді. Әсем бендердірген сахна, ұлттық киімдер мен әсерлі көріністер балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Қойылым соңында 100-ден астам балаға Наурыз мерекесіне арналған сыйлықтар табысталды.

«СТ» - ақпарат

ҮРЖАР

САЛТ-ДӘСТҮР – ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Әр қазақтың асыға күтетін мейрамы Наурыз - табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын бойына жиған ерекше мереке. Осыны терең ұғына білген бабаларымыз бұл күнді Жыл басы деп есептеген. Айнала көгеруге қамданып, дүние жаңарып, құлпыра құбылып, жер жаһанға шаттық пен қуаныш сыйлайтын, ізгіліктің нұры төгілетін мейрам осы.

Ай-Керім ЖАҚЫП,
«Semei tanu»

Еліміздің ең басты мейрамын тойлау Үржар ауданында да Көрісу күнінен басталып, әр күннің атауына сәйкес түрлі мәдени-спорттық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соның бірі – 16 наурыз - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай Ақжар ауылдық мәдениет үйінде өткен «Салт-дәстүр – халқымыздың даналығы» атты тағылымды шара. Іс-шараның басты мақсаты қазақ халқының бай мұрасын, салт-дәстүрлерін кеңінен насихаттау болды.

Кеш барысында «Жарыс қазан», «Бесікке бөлеу», «Тұсау кесер», «Қыз ұзату», «Беташар» сынды ғұрыптарды дәріптеу мақсатында театрландырылған қойылымдар ұсынылды. Тағылымы мол шара көпшіліктің көңілін шығып, ұлттық құндылықтардың маңызын тағы бір мәрте айқындады.

Жалпы, Үржар ауданында Наурызанама онкүндігі аясында барлық ауылдық округтер мен мекемелерде мерекелік шаралар ұйымдастырылып жатыр. Аудан әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, 22 наурыз күні Үржар ауылының Орталық алаңында 12 киіз үй тігіледі. Мереке аясында «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» атты концерттік бағдарлама, «Наурыз-дода» спорттық шаралары мен ұлттық ойындар жарыстары және «Үржар барысы» турнирі өтеді.

Балаларға арналған «Наурыз-базарлық»



алаңында түрлі ойын-сауық бағдарламалары, асық ату, бес тас, арқан тарту секілді ұлттық ойындар ұйымдастырылады. Сонымен қатар алтыбақан орнатылып, сауда орындары жұмыс істейді.

Бұдан бөлек, «Наурыз – қолөнер» көрмесі, қолөнершілер қалашығы, ұлттық бұйымдар жәрмеңкесі және «Наурыз - ырыс» ауыл шаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді.

КӨКПЕКТІ

ЖАҢА ЖОБАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ

Көкпекті ауданында мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға, ауылдардың инфрақұрылымын жақсартуға және экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Көкпекті ауданының әкімі Нұрбек Қошқарбаев мәлімдеді.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

Нұрбек Тұрсынқанұлының айтуынша, 2025 жылы ауданда бірқатар маңызды көрсеткіштер бойынша өсім байқалды. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 1 млрд 247,6 млн теңгені құрап, өсім қарқыны 125 пайызға жетті. Өңдеу өнеркәсібінің көлемі 718,3 млн теңгені құрап, 122,4 пайыз өсім көрсетті. Ал тау-кен өнеркәсібінде өндірілген өнім көлемі 41,4 млн теңгені құрады.

«Eastern Gold» ЖШС «Родниковое» кен орнында қатты пайдалы қазбаларды өндірумен айналысады. Алдағы уақытта бұл салада бірқатар жаңа жобалар жүзеге асырылмақ. Атап айтқанда, «Goldstone minerals» АҚ «Оңтүстік Ашалы» кен орнында алтын өндіруді қолға алуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар «Altai Resources» ЖШС Биғаш ауылдық округінің аумағында никель бойынша геологиялық барлау жұмыстарын қайта жандандыруды көздеп отыр. Бұдан бөлек, «Толғағай Кен» ЖШС, «АС Горняк» ЖШС және «Qazken minerals» ЖШС сияқты кәсіпорндар да алтын мен титан өндіру бағытында жаңа жобаларды іске асыруды жоспарлады.

Ауданда құрылыс саласы да қарқынды дамып келеді. Өткен жылы 6 431 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 24 млрд теңгеден асып, оның басым бөлігі республикалық маңызы бар Омбы – Майқапшағай автожолын жаңғырту жобасына бағытталған.

Аудан басшысының айтуынша, өткен жылы абаттандыру жұмыстарына да ерекше көңіл бөлінген. Жалпы 639,3 млн теңге қаражат

бөлініп, балалар ойын алаңдары, шағын футбол алаңдары мен воркаут алаңдарын орнату бойынша 15 жоба жүзеге асырылған. Сонымен қатар 18 елді мекеннің көшелері жарықтандырылған. Аудан орталығында жағажай салынып, саябақтар жөнделген, сондай-ақ фонтан жаңартылып, автобус аялдамалары мен қоқыс контейнерлері орнатылыпты.

Ауданның туристік және көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізілген.

2025 жылы көлік инфрақұрылымын дамытуға 1 млрд теңгеден астам қаражат бөлініп, аудандық және ауылшілік жолдар жөнделді. Аудан бойынша 17 шақырым жолға асфальт төселді. Сонымен қатар жолаушылар тасымалын жақсарту мақсатында жаңа автобус бағыттары іске қосылды. Быыл аудан орталығында автобөкет іске қосылып, Көкпекті – Астана және Көкпекті – Алматы бағыттары бойынша жаңа маршруттар ашу жоспарланып отыр, - деді Нұрбек Қошқарбаев.

Денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер бар. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде бірқатар ауылдарда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету нысандары ашылған. Сонымен қатар аудандық ауруханада күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жедел жәрдем бөлімшесі жаңартылыпты.

Білім беру саласында да жағымды жаңалықтар көп. Былтыр мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 161,7 млн теңге бөлініп, Аухадиев және А.С.Пушкин атындағы орта мектептер мен Көкпекті орта мектебіне физика және биология кабинеттері алынып, 9 мектепке ағымдағы жөндеу жұмы-



стары жүргізіліпті. Был Көкпекті және М.Әуезов атындағы орта мектептерде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізу жоспарланып отыр. Сонымен бірге 7 мектепте және 2 балабақшада ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілімек.

Ауданда инвестиция тарту бағытындағы жұмыстар да жалғасуда. Соңғы жылдары жеке инвестициялар есебінен аудан орталығында бірқатар әлеуметтік және қызмет көрсету нысандарының құрылысы қолға алынған.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ауданда әлеуметтік және қызмет көрсету саласында 920 млн теңге көлемінде жеке инвестициялар тартылды. Атап айтқанда 60–80 орынға арналған жекеменшік балабақша ашылып, 20 адам жұмыспен қамтылды. Сонымен бірге құны 50 млн теңге болатын заманауи тіс емханасы салынды. Құны 300 млн теңге болатын 19 нөмірлік қонақ үйдің құрылыс жұмыстары басталды, - деді аудан басшысы.

Сондай-ақ, былтыр басталған

инвестициялық жобаларды аяқтаумен қатар, бірқатар жаңа жобалар жүзеге асырылмақ. Өкім айтып өткендей, жол бойындағы сервисті дамыту және туристер мен жолаушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында Омбы – Майқапшағай республикалық маңызы бар автомобиль жолының бойында үш туристік кешен салу жоспарланған. Кешендердің құрамына жанар-жағармай станциясы мен қонақ үй кіреді. Аталған жоба қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Көкпекті ауылында қатты қалдықтар полигонын қалпына келтіріп, қалдықтарды реттеу және қайта өңдеу жобасын іске қосу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Ауданның әлеуметтік және экономикалық дамуының тағы бір негізгі бағыттарының бірі – өңдеу өнеркәсібін дамыту. Өткен жылдары ауданды абаттандыру және кәсіпкерлерді қолдау бағдарымен қатар, қалдықтарды берілсе, былдан бастап өндіріс саласын дамытуға басты назар аударылады. Ауданның барлық елді мекендерін қамтитын үш жылдық даму жоспары әзірленді, онда өңдеу өнеркәсібіне басымдық берілген.

Жеке инвесторлардың қатысуымен бірнеше жаңа өндірістік және кәсіпкерлік жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. Атап айтқанда, құнбағыс майын өңдеу цехын салу, сүт өнімдері кешенін құру, балық өңдеу шағын зауытын ашу, наубайхана, қоғамдық монша, қиғаз цехы және шлак-құм блоктарын өндіру цехын іске қосу жоспарлап отырмыз. Тассай ауылында «Ағайынды» шаруа қожалығы базасында балық тұқымын өсіру шаруашылығы қолға алынбақ. Қарағандықол ауылында шағын құс фабрикасы салу, Теректі ауылында көлік жолу орталығын ашу көзделіп отыр. Шұғылбай ауылындағы «Ататек» шаруа қожалығының базасында Еділбай тұқымды қой өсіру жобасы іске қосылмақ. Сонымен қатар «Дастан» шаруа қожалығы мал сою пунктін ашақ, Үлкенбекен ауылында жол бойындағы сауда нүктесі, Көкпекті ауылында бизнес орталық пен супермаркет құрылысы жоспарланып отыр, - деді Нұрбек Тұрсынқанұлы.



1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ 110 ЖЫЛ

Мүрсәлім көтерілісі туралы көптен көкейде жүрген ойды 2025 жылы Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданына барған экспедициялық сапарымыз кезінде нақтылай түсуге мүмкіндік туды.

Осыдан 110 жыл бұрын, яғни 1916 жылы, Ақсуат өңірінде Мүрсәлім Бектенұлы мен Қоқаш Есенкелдіұлы бастаған көтеріліс болғаны тарихтан белгілі. Бұл көтеріліске «Бұратана халықтарды мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану туралы ереже» қабылданып, соған сәйкес 19–43 жас аралығындағы ер-азаматтарды соғысып жатқан армия шебінде қорғаныс құрылыстарын салу, тыл жұмыстарына алу жөніндегі патша жарлығы себеп болды. Бұл жарлық туралы ел іші «ұзынқұлақ» арқылы алдын ала хабардар болып қойған еді. Жарлықты жүзеге асыру үшін сол кезеңде бұрынғы Дала генерал-губернаторлығына қарасты Семей облысының Зайсан уезі деп аталған аймақтағы, қазіргі Ақсуат, Көкпекті, Тарбағатай аудандарының орнында отырған 17 болыстың би-болыстары мен ұлықтары бас қосқан үлкен жиын өтеді.

Осы басқосуда 1916 жылғы 25 маусымдағы 19 бен 31 жас аралығындағы қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу туралы патша жарлығы жария етіледі. Шақырылған шенділер мен болыстар мылтық кезеген патша үкіметінің қысымына шыдамай, талап етілген адамдарды жинап беруге келіседі. Тек жалғыз Мүрсәлім болыс патша жарлығына қарсы шығады. Ол: «Патшаға малымыз бодан, жеріміз бодан, бірақ басымыз бодан емес, атсаң, ата бер, мен халықпен ақылдаспай ештеңе айтпаймын», – деген екен. (Серікқазы Көкебаев. Мүрсәлім Бектенұлы, 89-бет).

Бастапқыда патша жарлығына барлығы қарсы болады. Алайда кейін би-болыстар екіге жарылады: Әбділдәбек Тегісов бастаған топ жарлықты орындауға келіссе, Мүрсәлім Бектенұлы мен Қоқаш Есенкелдіұлының жақтастары патша әмірін орындаудан бас тартады. Мүрсәлім Әбділдәбекті қатты сөгеді. «Сен, Әбділдәбек, қара күшке келгенде аттың тағасын бұрап сындырасың. Ал ұлықтар алдында сасық қоғадай иілесің», – деп ашу-ызаға бұлыққан екен (Найман, X том, 162-бет). Қоштасам бәріңізбен, тұстастарым, Халық үшін «көнбеймін» деп ұстасқаным.

Қаһарын ұлықтардың көрсем дағы, Аяқты елден бөлек бір баспадым. Демеймін бұл ісімді адасқаным, Патшаның теріс әмірі таласқаным, Сұрады он тоғыз бен отыз бірді, Шыдамай қарсы тұрып алаштадым, – деп жырлайды Мүрсәлім.

Мүрсәлімнің жырларында оның адамдық ері азаматтық ұстанымы айқын көрініс тапқан. Ол орыс халқына қарсы шыққан жоқ, патшаға да тікелей қарсы болмаған. Тек «патшаның теріс әміріне таласқаным» десе де, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін тарихшылар Мүрсәлім туралы нақты ештеңе жазалмады.

Мүрсәлім Бектенұлының аудан тарихында алатын орны айрықша. Біріншіден, Тарбағатай мен бүкіл Шығыс Қазақстанның көтерілісшілерінің басшысы болған ол осы өлкенің Амангелдісі мен Бекболатты іспетті тұлға. Екіншіден, артына «1916 жыл» атты әдеби мұра қалдырған ақын.

Көтеріліске басшылық жасаған Мүрсәлім Бектенұлы Мұрын ішіндегі Құттықадам тармағынан тарайды. Арғы атасы – Желдібай. Мүрсәлім 1859 жылы дүниеге келген. 2029 жылы оның туғанына 170 жыл толады. 1916 жылы көтерілісті бастаған кезде жасы 57-де еді. 1922 жылы 63 жасында қайтыс болды. Мүрсәлім өз заманының сауатты, көзі ашық адамы болған. Ол қасындағылардың да сауатты болуын қалаған. Сол кезде Базар – Баспан болысын басқарған.

Мүрсәлім – өз заманында батырлығымен, өнегелі істерімен дараланған тұлға. «1916 жылы қазақ даласындағы болыстар саны 643. Солардың ішінен өзі болыс бола тұра патша жарлығына қарсы шығушы Мүрсәлім ғана. Бұл нағыз отаншылдық емей немене?!» (Мүрсәлім Бектенұлы, 85-бет).

«Мүрсәлім Бектенұлы» кітабындағы «Семей өңіріндегі дүрбелең» атты өңгемінде Ғалым Нәкішұлы: «Мүрсәлім – тік мінезді, бірбеткей, оқайраты мол адам. Артық сөзді суқаны сүймейтін, әсіре мақтанға олақ, шамшыл. Сол мінезімен сыйлы», – деп болыстың болмысын ерекше сипаттайды. Ғалымның жазуынша, уезд бастығы Сорокин барлық болыстарды жеке-жеке қабылдап, әрқайсысының уәдесін алып, мөрін бастырып жатқанда, Семей өңірінен жалғыз Мүрсәлім ғана қара жұмысқа жігіт бермеймін деп бас тартып, дүрбеленді бастап жіберген (Мүрсәлім Бектенұлы, 116-бет).

Мүрсәлім іргеді отырған Есенкелдіұлы Қоқаш қажыға кісі шаптырып, өз қасына алады. Төкпе ақын, шөжіреші Қоқаш қажының ел алдындағы беделі зор болатын. Бір ерекшелігі – Мүрсәлім бастаған көтеріліс Жетісу мен Созақтағы толқулардан төрт ай бұрын болған. Мүрсәлім болыс алғашқы жазалаушы әскермен бетпе-бет келгенде, бораған оқ пен зеңбірекке

төтеп бере алмай, бұрынғы «Сұлутал» кеңшарының жазғы жайлауы – жақпар тасты Сарқұл жеріне барып бекінеді. Жер жағдайын өте жақсы білетін болыс зеңбірек жүрмейтін асуларды, ал өздері үшін шилі, өзекті, бастау-бұлақты жерді өте дұрыс таңдаған. Осында екі күн аялдап, Мүрсәлім мен Қоқаш қажы уағдаласып, Қытай аспақ болады. Тарихи деректерге қарағанда, Мүрсәлім Баспанға бекініп, ал Қоқаш Қытайға алдымен өтіп кеткен.

«Мүрсәлім Бектенұлы» кітабындағы «Мүрсәлім Бектенұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі» атты мақаласында тарихшы Манат Байсымақова:

лаған Мүрсәлім – ұлт мақтанышына айналуда тиісті аңыз адам» (Мүрсәлім Бектенұлы, 79-бет) деген пікір әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Биыл 1916 жылғы көтеріліске 110 жыл толып отыр. Бүгінгі тәуелсіздік заманында тарихи оқиғалар мен күрескер тұлғалар өздерінің лайықты бағасын алуы тиіс.

Өлкетану саласына қатысты тарихи құндылықтар қамтылған бұл кітапқа «1916 жылғы көтеріліс: XXI ғасыр тұрғысынан көзқарас» деген тақырыппен тарих ғылымдарының докторы, профессор Гүлжаухар Көкебаева алғы сөз жазған. «Мүрсәлім Бектенұлы –

Базар, қалың Назармен» қайта қауышады. 1923 жылы 85 жасында дүние салады.

Мүрсәлім Бектенұлы өз заманының озық ойлы, көзі ашық, еті тірі азаматы, өз ортасында сөзі жүрген ақылды билеушісі болған. Жастайынан сал-серілердің жолымен өлең-жырға әуес болған.

«Өкпе өлсе де, әкенді көрген өлмесі» деген. Кітаптың осы бөлімінде Қарлық Егізбаевтың Мүрсәлімнің шөбересі Гүлжаухар Көкебаеваға, ардагер ұстаз, шөжіреші, ақын Дәуітбек Нұртазиннің Мүрсәлімнің шөбересі Серік Көкебаевқа жазған хаттары бе-

гі тарихи деректер мен құжаттарды, Мүрсәлімнің өлең-жырларын оқыған сайын, оның өз халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі мен азаматтық ұстанымы жарқырап көрінетініне көз жеткізесің. Ол осы жолда болыстық қызметін, талай жыл жинаған беделі мен байлығын, мал-мүлкін халқының тағдыры мен ар-намысы үшін құрбан еткен. Бір сөтте шен мен шекпеннен бас тартып, өлеңкейі жалаңған патша жөндеттеріне қаймықпай қарсы тұрған.

«Мүрсәлім Бектенұлы. 1916 жылғы көтеріліс тарихының бір белесі» атты еңбекте де патша жарлығына қарсы шыққан Мүрсәлімнің Көкпектіден өзінің болыстық кеңсесі орналасқан Ақтүбекке келе сала Қалба тауларында жайлауда отырған Қыржы мен Мұрын руларына түгелдей шапқышы жібергені айтылады (80-бет). Суық хабарды естіген ел бір сәтте аласапыран күйге түсіп, жайлауды тастап, қыстауына көшкен екен. Ел ақыны Көрібай Таңатарұлының өлеңінде бұл жағдай былайша баяндалады:

Қалбадан жексенбі күн халық көшкен,
Айырылды жақсы-жаман ақыл-естен.

Түйенің үш күн, үш түн қомын алмай,
Қарғыба, Базарға кеп бірақ шешкен.

«Мүрсәлімнің тапсырмасы бойынша әр болыстағы қарулы жігіттер көшті қорғай отырып, жергілікті шенеуніктерді жоғары орындармен байланыстырмау үшін жолдарындағы телеграф бағаналарын құлатып, сымдарын үзіп отырады». (Мүрсәлім Бектенұлы, 81-бет).

Шөжіреші Баяхмет Сағындықов ақсақалдың айтуынша, Қыржы руының Баубек табынан көзі ашық, көкірегі ояу, ел ішінде беделді азамат Әбіш бастаған жігіттер атқа қонған. Олар сайланып, көтерілісшілерге барып қосылған. Әбіш көтерілісшілердің бел ортасында жүрген ұйымдастырушылардың бірі болған. Елді босқа қырғынға ұшыратпау үшін Баспан бекінісі маңынан Мүрсәлім болыспен бірге Қытай жеріне асқан.

Әбіштің ұрпағы Нұржан Оразбекұлы Әбіккерімов Мәмбетқұлдан (қыржы руынан) тарайды: Баубек – Әбіш – Әбіккерім – Оразбек. Нұржан Оразбекұлы 1971 жылы Ұржар ауданы Сегізбай ауылында дүниеге келген. Ол Ұлан ауданының әкімі қызметін атқарып жүрген кезінде 1916 жылғы Тайынты болысы көтерілісшілеріне құлпытас қойдырған. Экспедиция барысында біз осы құлпытасқа арнайы барып көрдік.

1919 жылы Көкпекті жерін ақтардан тазартуға келген қызыл әскерлер отрядының басшысы Бабенко деген адам 1916 жылғы көтеріліске баға беріп, Мүрсәлімге қылыш пен қымбат жүзкі жіберген екен.

Баспан қамалы туралы «Мүрсәлім Бектенұлы» кітабында былай деп жазылған: «Ақыры жазалаушы топ Баспан тауының Әулие шатқалындағы Өзбай Қызылы деген биікке бекінін Мүрсәлім жасағын талқанға ағаттанады. Биіктің басында құба қалмақ заманынан қалған тас қорған бар. Нашар қаруланған Мүрсәлім жасағы үшін мұның өзі таптырмас бекініс еді» (Мүрсәлім Бектенұлы, 82-бет).

Осы шайқаста Мүрсәлім сарбаздарына: «Жазалаушылардың өздерін емес, аттарын атындар», – деп бұйрық береді. Иен далада, қиыр шетте атыс жаяу қалу солдат үшін үлкен қорлық болатын. Көтерілісшілердің адамға оқ атпай, тек астындағы аттарын атуы жазалаушыларға да ой салғандай еді. Оның үстіне күн де батып бара жатқан. Амалы таусылған жазалаушы әскер кері қайтуға мәжбүр болады. Алайда қайтар жолда Мүрсәлімнің ауылына соғып, оның ортаншы ұлы Заманбекті және құдасы Дондағұл Жұмағұловты тұтқындап алып кетеді.

Мүрсәлім Бектенұлына әділ баға беретін уақыт жеткені анық. Көкжыра ауылында Мүрсәлім болысқа арналған ескерткіш белгі қойылған. Оның өмірі мен қызметіне қатысты деректер Көкжырадағы орта мектептің тарихи-өлкетану мұражайында жинақталған. Болыстың есімін есте қалдыру мақсатында осындай бірқатар шаралар қолға алынғанымен, әлі де жеткіліксіз. Туған жері Көкжырадан, Ақсуат орталығынан, сондай-ақ Семей қаласынан бір көшеге оның есімін беру орынды болар еді. Сонымен бірге жас буын үшін тәрбиелік мәні зор «Мүрсәлімтану» атты оқу құралын жазып, мектептерде Ақсуат өңірінде болған тарихи оқиғаларды Қазақстан тарихымен ұштастыра оқыту да маңызды деп санаймын. Өйткені халық үшін жайлы өмірінен бас тартып, жеке мүддесінен ел мүддесін жоғары қоя білген Мүрсәлім болыс – өз дәуірінің ірі тұлғаларының бірі. Сондықтан тарих тезінен өткен осындай тұлғаның есімін ұлықтайтын арнайы іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастырып, жүзеге асырып отыру – уақыт талабы.

Жамбыл ЖУМАНБАЙ,
өлкетанушы, шөжіреші,
Тарбағатай ауданының
Құрметті азаматы,
Әлем халықтары
Жазушылар одағының мүшесі,
Ақсуат ауданы



«Заманбектің (Мүрсәлімнің ұлы – автор) қызы Еженнің өз шешесі Бәткеннен естуі бойынша, ұлықтар басқа болыстарды таратып жіберіп, Мүрсәлім мен Заманбекті Көкпектінің түрмесіне қамап тастайды. Алайда Мүрсәлімге ілескен жігіттер елге кетпей, қараңғылық түскен бойда Мүрсәлім мен Заманбекті құтқарып алады», – деп жазады. (Мүрсәлім Бектенұлы, 124-бет).

Ақсуат ауданындағы Көкжыра ауылдық округіне қарасты Мүрсәлім атымен аталған шағын ауылдың ортасында оның зираты тұр. Бұл сайды жұрт Сартау деп те атайды. Ақсуаттан шамамен 54 шақырым жерде жатыр. Сол маңда Мүрсәлім бұлағы мен Заманбек бұлағы бар. Тарбағатайдың етегі, Түйеойнақтан асып, кең жазира даламен жүріп Сартаудың бойына жетесің. Ар жағы аңғар, Тарбағатай тауының қарлы жоталары көрініп тұр. Құлақай, Жалпақжұрт, Көлтай, Қызылбұлақ, Қостөбе, Елеке сазы – бұл өңірдің жайлаулары. Керегетас – Қостөбе үстірті қарлы болып келеді. Баспан тауында үңгірлер бар. Бұл – көркем табиғатымен туристерді қызықтыра алатын тарихи жерлер.

Көтерілістің түйініне келсек, Мүрсәлім Бектенұлы мен Қоқаш Есенкелдіұлы бастаған көтеріліс Қазақстан тарихындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бір бөлігі болып табылады. Қазақ халқы алысып, шабыспай, айдағанға көне беретін дәрменсіз емес, күрескер текті халық екенін отаршылдарға дәлелдеп берді. Әрине, халық толқып, үрке жүріп күресті. Топтасып Қытай асты, ол жақта да таршылық пен зорлық-зомбылықты бастан өткерді.

Серікқазы Көкебаевтың «Мүрсәлім Бектенұлы» атты кітабы «Елтаным» баспасынан 2016 жылы жарық көрген. Кітап «Мүрсәлім Бектенұлы – ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі»; «Мүрсәлім Бектенұлы – ақын, қайраткер, ұлтын сүйген азамат»; «Мүрсәлім Бектенұлының шығармалары»; «Зобалаң жылдар: Заманбек Мүрсәлімұлының тағдыры» атты төрт бөлімнен тұрады. Кітапта өскелең ұрпақ үшін аса құнды, тағылымды мәні зор жазбалар мен деректер, естеліктер молынан қамтылған. Сонымен қатар бұл еңбекте көтеріліс тарихына қатысты маңызды құжаттар да берілген.

Кітаптағы аса мұқият, ыждағаттылықпен жинақталған деректермен танысқан сайын, Мүрсәлім болыстың тарихты таразылай білген, ел қамын ойлаған дара тұлға екеніне көз жеткізесің. «Патша дәуірінің шенді-шекпенділерінің бірі бола тұра жанын шүберекке түйіп, ел қамын ой-

ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі» атты бірінші бөлімінде сол кезеңдегі жағдай мен орын алған тарихи оқиғалар кеңінен қамтылып, жүйелі түрде баяндалған.

Тарихшы Қайрат Раев Мүрсәлімнің басқа ұлт-азаттық көтерілісті бастаған «Бекболат, Иса, Ақкөз, Әли, Амангелді қатарынан түсіріліп қалуының басты себебі оның тек болыс болғандығынан» ғана екенін нақтылап жазған. Оған қоса, Мүрсәлімнің кеңес әдебиетіндегі Кенен, Есдәулет, Жамбыл сияқты ақындар қатарынан сызылып тасталуы да таптық тұрғыдан екенін айтқан. (Мүрсәлім Бектенұлы, 97-бет).

Сәтбайлық ақсақал Ғұмар Кемербаевпен қызметтес, әріптес болдым. Ол Қаныш Сәтбаев кеңшарының, мен Сұлутал кеңшарының көсіподақ ұйымының төрағалары болдық. Талай жиналысқа өз көлігімен шығып Сәтбайға соғып, Қүрекенді алып кетіп, қайта апарып тастап жүрдім. Сол уақыттарда көп әңгімелестік. Қүрекен ақжарқын, көп білетін адам еді. Және бір ерекшелігі – естелік айтқан адамдарға өз тарапынан баға беріп отыратын. Мүрсәлімнің атын ерекше атап, оны ұлт қайраткері деп бағалайтын, аталарым сияқты жырларынан үзінділерді жатқа айтатын еді. Мүрсәлім туралы деректерді бірге өскен досым – Ақсуатқа белгілі атбегі, ел тарихының білгірі Аят Ербаевтың аузынан да сан рет естідім.

Аталған кітапта артына құнды деректер қалдырған адамдардың жазбалары берілген. «Мүрсәлім Бектенұлы – ақын, қайраткер, ұлтын сүйген азамат» атты екінші бөліміндегі Қарлық Көрімұлы Егізбаевтың дерегі – сөзіміздің айғағы. Сол кезеңдегі солақай саясаттың кесірінен 1980 жылы маусымда «Семей таңы» газетіне жіберген «Халық ерлігі мен ер есімі ескерусіз қалмаса» деген көлемді мақаласы «Амал не, Мүрсәлімнің өрі бай, өрі болыс екендігі, өлеңінде «саяси теріс» пікір бар екендігі дәлелге алынып, жарияланбай қалды», – деп жазған.

Мұздай қаруланған жазалаушылардың тегуірініне шыдамаған Мүрсәлім мен Қоқыштың Қытай жағына өтуге мәжбүр болғаны туралы өлке тарихының білгірі Қарлық Егізбаевтың: «Жұртым деп соққан жүрегім» атты мақаласында айтылған. (Мүрсәлім Бектенұлы, 60-бет).

Қарлық Егізбаевтың жазуынша, 1922 жылдың күзінде Мүрсәлім елге аман-есен оралады. 63 жасында дүниесі салып, ата мекені Қос қора қыстауының жанында жерленеді. Осы уақытта Қоқаш қажы да өзі туып-өскен жеріне оралып, «Қарғыба –

рілген.

Көкпекті мен Ақсуат өңірі тарихының білгірлері Қалихан Алтынбаев пен Ергали Жұмахановтың «Дүрбелең» атты тарихи-деректі шығармасында да осы ауыр кезеңнің шындығы суреттеледі. Ондағы деректердің бірінде: «Көтерілісшілер қиратқан әр телеграф бағанасының түбіне өкеп, екі қазақтан бауыздап отырған. Мұнан асқан қорлаушылық бар ма екен жалпақ дүниеде?» – деп ашына жазған (Мүрсәлім Бектенұлы, 78-бет).

Ақсуаттың ардагер ақсақалы Төлеуғазы Нұрғалиев Мүрсәлімнің болыстық қызметі мен ақындық қырына талдау жасаған. Оның жазуынша, Мүрсәлім 1895 жылы болыс болып сайланып, ұзақ жылдар бойы елге зәбір көрсетпей басқарып, жетім мен жесірге қамқор болған. Болыстыққа бірнеше рет қайта сайланған. Жасы ұлғайған шағында болыстық қызметті ұлы Заманбек атқарған.

Мүрсәлімнің ақындық қыры әсіресе Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуын сипаттаған жырларынан анық көрінеді. Төлеуғазы Нұрғалиев өз жазбасында Мүрсәлім өлеңдерінің ұйқас жүйесін, ондағы жер-су атауларын талдайды. Әсіресе Баспан бекінісін қалмақ заманынан бері суреттеп, Қалба жайлауының табиғатын тамсана жырлаған шумақтарын келтіреді. Сары ал, Салқын Қалба,

қызыл бұлақ,
Жеріме қотасайын, салсаң құлақ.
Күніне қой мен сиыр екі сауып,
Қайран жер мал болатын жетім пақ,
деген өлең жолдары Мүрсәлімнің табиғатынан дарынды төкпе ақын екендігін дәлелдейді.
Ақын-журналист Мейрам Оралов «Ерлігі еленбеген есіл ер-ай» атты өлеңінде: Тартқанда халық ауыр тақсыретті,
Шенді де, шекпенді де мансұқ етті.
Қаймықпай ақ патшаға

қарсы шыққан,
Жалғыз ер арқадағы от жүректі.
Заманның артын шолып, алдын орай,
Шалдыртпай Самұрыққа топтан

торғай

Бір өзі мыңға татыр болса дағы,
Еңбегі еленбеген есіл ер-ай! –
деп толғайды.

Ал журналист Хамза Сәтиев «Мүрсәлім – заманының нар болысы. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына 80 жыл» атты мақаласында: «Мүрсәлім Бектенұлы – қалың қазақ аспанын қара бұлт басқан сонау 1916 жылы жарқ етіп шыққан дарабоз. Оның есімі ұлттық мақтанышымыз болып саналатын Амангелді, Бекболат батырлармен қатар аталуға әбден лайық еді», – деп жазды. Шындығында да, сол кезеңде-

Наурыз

Абай гарнизонының 63310 әскери бөлімінде Наурыз нама онкүндігі аясында Ұлттық тағамдар фестивалі ұйымдастырылды.

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН МЕРЕКЕ



Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ халқының салт-дәстүрін насихаттау және әскери қызметшілердің бірлігі мен татулығын нығайту мақсаты көзделген фестиваль барысында әскери қызметшілер бірнеше «ауыл» құрып, өзара сайысқа түсті. Қатысушылар әрқайсысы өз ауылдарын ұлттық нақышта безендіріп, ерекше таныстырды. Әр ауыл қазақтың дәстүрлі тағамдарын ұсынып, олардың дайындалу ерекшеліктері мен мән-маңызын түсіндірді.

Сайыс барысында қатысушылар ұлттық тағамдардың бірнеше түрін әзірлеу, ауылды ұлттық нақышта безендіру, қазақтың салт-дәстүрлерінен қойылымдар мерекенің көрігін қыздыра түсті. Бұл шара әскери қызметшілерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, ұлттық рухты көтеруге ықпал еткені анық.

Мерекелік шараның қорытындысы бойынша үздік деп танылған ауылдар анықталып, арнайы марапаттарға ие болды.

Абай өңірлік гарнизонының баспасөз қызметі

Ұлық мейрам

Қастерлейік қасиетті ислам дінін, Ұқтырған ұрпақтарға тіл мен ділін. Тәртіп пен тазалықтың ұлы өлшемі Имандылық, әдептен ақыл, білім.

Аллаға құлшылық етіп берілейік, Келесіз әдеттерден жерінеік. Алла елшісі Мұхаммед пайғамбардың Сүннеті жолын жалғап көрінеік.

Күндердің сұлтаны дер Жұма күнін, Түндердің сұлтаны дер Қадір түнін, Айлардың сұлтаны дер Рамазанды, Айтылар дұға-тілек күні-түні.

Ораза - бір парызы мұсылманның, Жанына демеу болар қысылғанның. Ағайын, айттарыңыз құтты болсын, Сауап үшін дәм, тұзды ұғынғаның.

Камал КӘРІМҒАЖЫҚЫЗЫ, арагер ұстаз, Семей қаласы

Бүгінгі әже - кешегі бүлдіршін, бойжеткен қыз, бір шаңыраққа келін болып түсіп, өмірге ұрпақ әкелген ана. Ерлермен бірге еңбек етіп, өмірдің қиыншылықтарын жеңе білген аналар бүгінде өздері келін түсіріп, қыз ұзатып, немере-жиенін өсіріп, асыл әже атанып отыр. Ақ жаулықты әжелер ұрпақ тәрбиелеп, отбасының ұйытқысы болып қана қоймай, қоғам өміріне де белсенді араласып жүр.

ӘЖЕЛЕР - ҰЛТТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ



Ауданымызда әжелердің белсенділігі жылдан-жылға артып келеді. Ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлан Есболатовтың бастамасымен түрлі іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Былтыр әжелер арасында «Өнер ескірмейді, есте қалады» атты сайыс өтті. I орынды Қалбатау ауылының әжелері, II орынды Шар қаласының, III орынды Ақжал ауылдық округінің әжелері жеңіп алды. Өткен жылдың қараша айында Шар қаласының мәдениет үйінде Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Мен әжемнен үйренген Абай сөзі» атты әжелері мен немеремен қатысқан іс-шара өтті. Осы сайыста Шар қаласының тұрғыны Кұлжан Алпысбаева немересі Жанайыммен бірге жеңіске жетіп, облысқа жолдама алды.

Өткен жылдың аяғында аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының ұйымдастыруымен «Күміс алқалы», «Алтын алқалы» аналар мен белсенді әйелдер Семей қаласына саяхаттап, мәдени және тарихи орындарды аралап қайтты.

Осындай тағылымды шаралардың бірі – «Ақ жаулығым – тумарым» атты әжелер арасында өткен сайыс. Жеңімпаздар аудан орталығында өнер көрсетті. Әжелердің өнеріне, белсенділігіне көпшілік тәнті болды. Сайысқа қатысқан әжелер ерекше әдемі еді.

Сондай-ақ, әдептің белгісі. Соңғы жылдары мектеп бағдарламасына Нұрдаулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» шығармасы енгізіліпті. Өңгіме кейіпкері өзінің кішкентай қыздарына қазақ әжелерінің бейнесін түсіндіріп жүргенімен, сол қазақ әжесін көрсете алмай қиналады. Бұл - ой саларлық өңгіме...
Биыл дәм тартып, Өзбекстанның солтүстігінде болып қайттық. Өзбектердің тілдерін құрметтейтін, салт-дәстүрлерін сақтап, ұлттық киімдеріне үлкен мән беретін халық екенін бірден байқадық. Мысалы, әйелдердің киген көйлегіне қарап-ақ қайсысы қыз, қайсысы тұрмыстағы көлішек екенін білуге болады. Бәрінің үстінде кеудесінен бүріп тіккен көйлек, бірақ ұзындықтары әр түрлі. Жасы үлкендерінікі тобыққа дейін болса, орта жастағы әйелдердің көйлегі тізеден төмен түсіп тұрады, ал қыздары қысқа киеді. Әйелдер орамал тарттады. Ал тұрмыс құрмаған қыздары жалаңбас жүреді.

Ал бізде ше?.. Біз де осылай дәстүрлімізді сақтап, жастарға неге үлгі етпекше? «Ақ орамал – аналардың ақ байрағы» деген ұлағатты сөз де бар. Ендеше, бірте-бірте салт-дәстүрімізге оралып, кимешек пен орамалды қайтаруымыз керек.
Әжелер - таптырмас тәрбие мектебі. Әже тәрбиесінің негізінде ұлт тәрбиесі жатыр. Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі. Ауданымыздағы әжелер алқасы биыл да өз жұмысын жалғастырып, ұлттық тәрбиеге, отбасылық құндылықтарды насихаттауға баса мән бермек.

Ж.РАХМЕТОВА, Жарма ауданы



ЖЫЛҚЫ - АСЫЛ ТҮЛІК

Қазақ халқы үшін жылқы – тек көлік қана емес, ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани болмысымен біте қайнасқан қасиетті түлік. Қазіргі таңда елімізде жылқы шаруашылығын дамытуға өте қолайлы деп есептеуге болады.

Өңіріміздегі іргелі оқу орындарының бірі Шөкәрім университетінде соңғы жылдары осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Университет ректоры Думан Орынбековтің бастамасымен және жылқы шаруашылығы саласындағы белгілі ғалым, профессор Қайрат Исхан, ауыл шаруашылығы кафедрасының меңгерушісі Балнұр Ахметова бастаған зерттеушілер мен өңір кәсіпкерлерінің қолдауымен жылқы түлігін көбейту, тұқымын асылдандыру, өнімділігін арттыру мәселелеріне барынша көңіл бөлінуде. 2025 жылы Шөкәрім университетінде «Қазақ жылқысы тұқымын көбейту, дамуын тұрақтандыру және насихаттау» тақырыбында I Халықаралық жылқы шаруашылығы конгресі өтті. Сонымен қатар «Жылқы түлігі» атты ғылыми-танымдық кітаптың тусәуікесері ұйымдастырылып, оған еліміздің белгілі ғалымдары мен қаламгерлері, қоғам қайраткерлері – Шәріпбек Әмірбеков, Манарбек Мұхамеджанов, Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Мұхтарбек Қарлықұлы, Құсмиялы Жырғалыұлы, Ерман Жаубай және өзге де зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аталған жиында баяндама жасаған белгілі ғалым Қайрат Исхан көп жылғы ғылыми ізденістің нәтижесінде көп жеткізілген жылқы селекциясы мен зоотехниясы саласындағы жетістіктерге тоқталды. Ғалымның айтуынша, ұлт руханияты мен ғылымды ұштастыру арқылы ғылыми зерттеулерге жол ашуға болады. Өңірімізде бұл бағытта жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Мәселен, 2022 жылдың 30 желтоқсанында ғалымдар мен селекционерлердің ұзақ жылдар бойғы еңбегінің нәтижесінде Бесқарағай ауданындағы «Ерназар» ауылшаруашылық өндірістік кооперативінде «Бесқарағай» қазақы жылқы тұқымының зауыттық типі ресми түрде бекітілді. Сонымен қатар осы типтен тараған шойынқара және байторы типтес қазақ жылқылары селекциялық жетістік ретінде патенттелді. Ғалым сондай-ақ 2024 жылы аталған ауданның «Азамат-2» шаруа қожалығында қазақтың Мұғалжар жылқы тұқымының «Ертіс» деп аталатын жаңа зауыттық типі мен аталық іздеріне зоотехникалық сипаттама берілгенін, бұл ғылыми жұмыстарда Шөкәрім университетінің ғалымдары да белсенді үлес қосқанын атап өтті.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ елінде 8 миллион жылқы болды деген дерек бар. 1929-1932 жылдардағы аласапыранда содан қалған 4 млн жылқының 80 пайызы қырғынға ұшыраған. 1981 жылы Кеңес Одағында 5,6 млн жылқы болса, оның төрттен бірі, яғни 1,5 миллионы Қазақстанда болған екен. Қазіргі уақытта елімізде 4 миллионнан астам жылқы өсірілуде. Жалпы, республикамыздағы 187 млн гектар табиғи жайылым жылқы шаруашылығын дамытуға өте қолайлы деп есептеуге болады.

Тарихи деректер жылқы түлігінің халқымыздың өмірінде орны ерекше болғанын айқын көрсетеді. Жылқыға деген сүйіспеншілік - қазақтың қанында бар қасиет. Жылқыны әлемде ең алғаш қолға үйреткен – біздің ата-бабаларымыз. Тарихқа үңілсек, бұл деректер Ботай мәдениеті кезеңінен (б.з.д. 3700–3100 ж.ж.) белгілі. Бұл жөніндегі мәліметтер өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап жариялана бастаған. Ағылшын ғалымдары қазақ жеріндегі тайпалар осыдан 6–7 мың жыл бұрын жылқыны қолға үйреткенін дәлелдеді. Археолог Виктор Зайберт бастаған халықаралық ғылыми қауымдастық Солтүстік Қазақстандағы Ботай қонысын зерттеу барысында осы тұжырымды ғылыми тұрғыдан растады. Бұл жаңалық 2009 жылы SCIENCE ғылыми журналында жарияланды. Мақалада б.з.д. IV мыңжылдықта осы жерде қымыз дайындалғаны да жазылды.

Грек тарихшысы Геродот та скифтердің сол заманда қымызды пайдаланғанын жазып кеткен. Француз саяхатшысы Вильгельм Рубинаста 1253 жылы Татарстан аумағында қымыз ішкенін және бұл сусынның өте жағымды әсер қалдырғанын өз жазбаларында атап өтеді.

Жылқыны алғаш қолға үйреткен халықтың ұрпағы екеніміз – зор мақтаныс. Ал осы қазақтың атын айдай өлемге паш еткен жылқы туралы не білеміз?

Белгілі жазушы, әдебиет сыншысы Асқар Сүлейменов: «Біздің қазақ жылқыдан, түлпардан туған. Қазанат – қазақтың сахарасы», – деген екен. Өлемге өйгілі ағылшын жылқыларында қазанаттың қаны бар. Бабаларымыз «Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек» деп бекер айтпаған. Ғалым, тарих ғылымының докторы Ахмет Тоқтабай бойымыздағы «бостандық генін» тірліте алатынымызды айтады. Жылқының адам бойына күш, рух сыйлайтын алабөтен қасиеті барын да ешкім жоққа шығара алмайды. Ол – намыс, ол – ұлттың сана-сезімі, ол – тектілік рухы. Қазақ үшін бұл қасиеттер өте қажет.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

28 АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Абай облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган болып табылады және өз құзыреттілігі шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Өткен жылы департамент тарапынан 32 тексеру жүргізілді. Оның 15-і жоспарлы, 17-сі жоспардан тыс тексерулер болды, яғни бұл тексерулер азаматтардың өтініштері негізінде жүргізілді. Тексеру нәтижесінде 2 мыңнан астам заң бұзушылық анықталды. Олардың қатарында мемлекеттік қызметтерді уақтылы көрсетпеу, негізсіз бас тарту және өзге де бұзушылықтар бар. Тексерулердің нәтижесінде 28 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді.

Облыс аудандарының бірінде азаматтарға жер учаскелерін жалға алу мерзімін ұзартудан негізсіз бас тартылған. Бұл жерде мәселе коммерциялық нысандарды, тұрғын үйлерді, аялдама кешендерін және гараждарға қызмет көрсету мақсатында жер учаскелерін пайдаланған 18 тұрғын туралы болып отыр. Департаменттің ұсынымы негізінде

жалға алу мерзімдері ұзартылып, бүгінде азаматтар өз учаскелерін заңды түрде пайдалануды жалғастыруда.

Мемлекеттік қызметтер әр түрлі салаларды, соның ішінде әлеуметтік бағытты да қамтиды. Департамент тарапынан көп балалы отбасылар мен атаулы әлеуметтік көмек алушылардың құқықтары да қалпына келтірілді. Қабылданған шаралар негізінде жәрдемақы тағайындаудан негізсіз бас тартылған 5 азаматқа жалпы сомасы 1,2 миллион теңгеден астам мөлшерде тиесілі төлемдер тағайындалды.

Бақылау тиімділігін арттыру мақсатында заманауи құралдарды, атап айтқанда ақпараттық жүйелер арқылы қашықтан мониторинг жүргізуді белсенді қолданамыз. Бұл азаматтардың ресми өтініштерін күтпей-ақ заң бұзушылықтарды анықтау-

ға және олардың құқықтарын қорғау бойынша шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, аудандардың бірінде көп балалы отбасылардың өздері тұрып жатқан тұрғын үйді жекешелендіру туралы өтініштері ұзақ уақыт қаралмаған. Аудан өкіміне ұсынымдар жолдағаннан кейін өтініштер жедел қаралды. Нәтижесінде 4 отбасы тұрғын үйін жекешелендіріп, меншік иесі атанды.

Департамент мамандары алдағы уақытта да мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, заң бұзушылықтарды анықтау және жою, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмысты жүйелі түрде жалғастырады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті

Е.БИЛЯЛОВ, Шөкәрім университеті «Ветеринария және ауыл шаруашылығы» зерттеу мектебі ветеринария кафедрасының аға оқытушысы, в.ғ.к.

Суретте: Мұғалжар жылқы тұқымының «Ертіс» зауыттық типі

АБАЙ ОБЛЫСЫ ЖАҢАСЕМЕЙ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Құнанбай көшесі, 12 Б, 105,107 кабинеттер
Төраға – Асембаев Даулет Серікқалиұлы, төраға орынбасары - Абилямажинова Бибиғуль Кабдрахмановна, хатшы – Кабиева Данара Маратовна, мүшелері: Нугусанова Шынар Туленовна, Болатова Мәдина Дулатқызы, Текенов Мирас Дүйсенғалиұлы, Султанов Ернур Султанович.

<p>№ 123 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ</p> <p>Новобаженово ауылы, «А.Ибраев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Мира көшесі, 35 үй.</p> <p>Төраға – Бектыбаева Рауиля Оразхановна, төраға орынбасары - Омарбекова Назира Есеновна, хатшы – Нусупова Айнура Толеуғазиевна, мүшелері: Исенова Гульнара Сериковна, Мухамедиева Жаннур Ақылбековна, Килибаева Гулжан Нұрмухамедовна, Щербаненова Надежда Михайловна.</p>	<p>ЖАҢАСЕМЕЙ АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ</p> <p>№ 123 сайлау учаскесі</p> <p>Орталығы: «А.Ибраев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шекара: Новобаженово; Шекара: Баженово ауылы шегінде;</p> <p>№ 124 сайлау учаскесі</p> <p>Орталығы: «Бұлақ жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Бұлақ ауылы, Шекара: Бұлақ; Шекара: Клементаевка;</p>
--	--



НАУРЫЗ - ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КӨНЕ МЕЙРАМДАРДЫҢ БІРІ

Наурыз – әлемдегі ең көне мейрамдардың бірі. Орта Азия елдері оны 5 мың жылдан аса уақыт атап өтіп келеді. Бұл ежелгі мереке күнәдан тазару, киім-кешектерді тазарту, үйді тазарту, жамандықтан және өшпенділіктен тазару мерекесі ретінде атап өтіледі. Ол адамдарды басқалардың күнәлары мен жамандықтарын кешіруге шақырады. Сондай-ақ бұл күні Шығыс елдері екі арадағы кез келген соғысты тоқтатқан. Ал қазақ ақсақалдары мерекеде араздасқан ру-тайпалармен татуласатын болған.

Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. XI ғасырдың өзінде ұлы ғалым әрі ақын Омар Хайям жылдыздар мен шоқжұлдыздардың толық циклы аяқталғаннан кейін, өзінің бастапқы жүру нүктесіне келіп, жаңа жолды – шеңберді қайта бастайтынын байқады. Бұл бақылауының негізінде Хайям сол кезде билік еткен Джалал ад Дин Мәлік Шах ибн Әл-Арслан Селжүктің құрметіне «Мәлік күнтізбесі» деп аталатын жаңа күнтізбе құрастырды. Онда жаңа циклдың басталуы 22 наурызға – көктемгі күн мен түннің теңелетін күніне түседі. Бұл күнтізбе қазір пайдаланып жүрген күнтізбеге қарағанда, әлдеқайда дәлірек болды. Өйткені 365 күн бар күнтізбеге қарағанда, жылына 324 күнді құрайтын Мәлік астрономиялық күнтізбесіндегі қателік 0.0002 күн және одан кем.

Көптеген ислам елдерінде бұл мерекені атап өтуге тыйым салынған. Сирияда және Иранда Наурыз мейрамы тойланбайды, ал Түркияда мерекені 1991 жылға дейін атап өтуге тыйым салынған болатын. Шамасы, наурыз мейрамын мұсылман мерекесі ретінде қабылдау халықтың этникалық тамырымен тығыз байланысты. Осы уақытқа дейін Орта Азияның негізгі байырғы халқы, яғни қазақтар, қарақалпақтар, өзбектер, қырғыздар, тәжіктер және түркімендер этникалық мұсылман ретінде саналады. Және соның нәтижесінде бұл халықтардың барлық ұлттық мерекелері мұсылман мерекесі ретінде қабылданады.

Бұл мереке кезінде ислам діні тарапынан қудалауға ұшырап, Кеңес Одағы кезінде атап өтілуіге тыйым салынғанына қарамастан, қазақ халқының ең маңызды мерекелерінің бірі болып қалды.

2010 жылғы 19 ақпандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-сессиясында «Әлем мәдениеті» бағдарламасының 49-тармағына сәйкес «Халықаралық Наурыз мерекесі» деп аталатын қарар қабылданды. Сөйтіп, мереке БҰҰ-мен мойындалды.

Наурыз - Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Түрікменстанда, Түркияда, Тәжікстанда, Иранда, Әзербайжанда, Албанияда, Ауғанстанда, Ирактың Күрдистанында, Үндістан және Македонияда мемлекеттік мереке болып табылады. Оны Татарстан, Башқұртстан, Қытай және тіпті Жапонияда да «жергілікті деңгейде» атап өтеді. Ал 2010 жылдан бастап Наурыз Грузияда ұлттық мереке болып жарияланды.

Қазақ дастарқанында мейрамда міндетті түрде қымыз, шұбат, сүзбе секілді дәм татанын сүт тағамдары, яғни ақ болу керек. Егер сүт болмаса, ыдыс-аяқты бұлақ суымен толтырып қоятын болған.

«сұмалақ» деп атайды.

Ежелде мейрам 13 күнге жалғасқан. Адамдар ауыл-ауылды аралап, наурыз көжеден дәм татып, «Наурыз» әнін айтып, бір-бірін жаңа жылмен құттықтап, жақсылақтар тілейтін.

Қазақ халқы бұл мерекеге Ұлыстың ұлы күні деген екінші атау берген. Наурыз мерекесі заманауи өмірге үйлесімді түрде өзгертіліп келіп, қоғамда достық пен келісімнің нығайтуына үлкен рөл атқара бастады. Заманауи Наурыз - «уақытты байланыстыру», Қазақстанның тарихы мен қазіргі заманындағы маңызды байланысы болып табылады.

Егер Наурыз мейрамында қар жауса, бұл - жақсылықтың белгісі. Ерте заманнан бері қыздардың сұлулығын Наурыз мейрамында жауған қармен салыстырған. Ақ таза, жұмсақ, үлгілдік қар сұлу ханымдардың асқан сұлулығын бейнелейді.

Ежелгі заманда Наурызды барлық тұрғындар таңды қарсы алуға шығумен бастаған. Түркияда көктемді күннің теңелуіне дейін екі-үш апта бұрын бидай егу дәстүріне айналған. Жап-жасыл сабақты тәттілермен, жағылған шырқармен және боялған жұмыртқалармен бірге дастарқанға қояды.

Әзірбайжанда мерекелік дастарқанға жеті тағамнан тұратын ас қойылады және олардың атауы «С» әрпінен басталуы керек. Сондай-ақ Әзербайжанда және Иранда Наурыз мейрамында жұмыртқа бояйтын ежелгі дәстүр бар.

«Riza bol» ұсынатын кәдесый



Абай өлеңдерімен аталып, «Riza bol» сауда белгісімен шыққан жібек орамалдар – ұлттық болмысты заманауи нәзіктікпен тоғыстырған ерекше кәдесый.

«Желсіз түнде жарық ай» – сабыр мен сенімнің, «Көзіңнің қарасы» – махаббат пен мейірімнің белгісіндей.

Әр орамал — әйелдің ішкі әлеміне арналған үнсіз сыр. Қорабы мен сөмкесі де кәдесыйдың мазмұнын аша түседі.

8 778 929 14 53
8 777 276 90 74

ҚЫМЫЗДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ

Қымыздың пайдалы және емдік қасиеттері 1858 жылы Н. В. Постниковтың алғашқы қымыз емханасын ашқаннан кейін зерттелді. 1858 жылы Н. В. Постников Самараның жанындағы медициналық санаторийде туберкулезбен және басқа да аурумен ауыратын науқастарды емдеу үшін қымызбен емдеуді ұйымдастырған. Бір жылдан кейін Орынбор әскери госпиталіндегі тағы бір дәрігер Нефтел, 15 туберкулезбен ауыратын емделушіні қымызбен нәтижелі түрде емдей алды. Көп ұзамай дәрігерлер қымызды осы ауруға қарсы қолданылатын ең танымал дәрі - дәрмектің ең жақсысы деп таныды. Соңғы жылдары қымыздың азғанын әр түрлі физиологиялық процестерге әсері зерттеліп, анықталды:



- Қымыз ашытқысы бактерияға қатысты антибиотикалық заттарды ашыту кезінде пайдаланылады.
- Қымыз асқазанның және басқа ас қорыту органдарының секреторлық қызметін қалыптастырады.
- Қымыз асқазан мен он екі елі ішек жарасына, процестің әлсіреу кезінде өте тиімді, сонымен қатар дизентерия мен іш сүзегінежақсы нәтиже береді.
- Қымыз бактерицидтік қасиетке ие, соның ішінде E. coli және басқа патогенді микробтарға қарсы.

- Қымызбен емдеу қанға өте пайдалы әсер етеді: гемоглобин мөлшері артады, лейкоциттер формуласы жақсартады.
 - Қымыз жүйке жүйесіне пайдалы әсер етеді. Жақсы қымыз ағзаны ерекше күйге әкеледі: жақсы тыныш ұйқы сыйлай отырып, жоғары тітіркенуді жояды.
 - Қымыз ашық синдромды тез арада жеңілдетеді.
- Осылайша қымыз туберкулезді, скревиюді, гастритті, ұйқы без ауруларын, анемияны, нерв-растенияны, жүрек - тамыр ауруларын мен іш сүзегін емдеуде қолданады.

Қытайдың оңтүстік-батысында гелий толтырылған үлкен күміс түсті аппарат әуеге көтерілді. Аппарат беріктігі жоғары ұзын кабель арқылы жерге жалғанған. Бұл құрылғы ұшақ сияқты жолаушыларды немесе жүкті тасымалдамайды.

ҚЫТАЙ ӘЛЕМДЕГІ АЛҒАШҚЫ ҰШАТЫН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫН ІСКЕ ҚОСТЫ

Daily Galaxy басылымының жазуынша, S2000 деп аталатын бұл аппараттың ерекшелігі - ол ауадан энергия жинауға арналған. Аппарат 2000 метр биіктікке көтеріліп, онда бірнеше сағат бойы болды. Мұндай биіктікте желдің екпіні жер бетіне қарағанда әлдеқайда күшті және біркелкі.



Биіктіктегі желдерден энергия жинай алады. Жоба мақсаттарының бірі – дәстүрлі инфрақұрылым тарту қиындық тудыратын шалғай аймақтарды электр энергиясымен қамтамасыз ету. Жүйе, мобилді болғандықтан, маусымға немесе жергілікті қажеттіліктерге байланысты әр түрлі орындарда орналастырылуы мүмкін.

Сынақтың мақсаты мегаваттық класс жүйесінің жер станциясына бекітілген күйде қауіпсіз жұмыс істей алатынын дәлелдеу болды. Пекиндік Linyi Yunchuan Energy Technology компаниясының сыйлығын жеңген жерлердің ауа қозғалысын электр энергиясына қалай айналдыратынын зерттеді. Interesting Engineering мәліметтері бойынша, аппарат биікке көтерілу кезінде де, кейін де тұрақты болып қалды.

Бұл дирижабль - жекеменшік компанияның бірнеше ғылыми-зерттеу мекемелерімен бірлесіп жүргізген жұмысының нәтижесі. Ол гелий қабығының көтергіш күшін пайдаланатын ұшатын жел турбинасы ретінде жұмыс істейді. Дәстүрлі жел турбиналарынан айырмашылығы - бұл құрылғы энергия тығыздығы әлдеқайда жоғары болатын

Сычуань провинциясында сынақтан өткізілген мұндай қуатты жүйенің биікке көтерілуі бұрын-соңды болмаған жағдай. Қазіргі таңда зерттеушілер көміртегі талшықтарынан жасалған компоненттерді тозуына және генераторлардың өнімділігіне талдау жасауда. 2000 метр биіктікте жиналған деректер келесі даму кезеңіне негіз болады. Аппарат шамамен 30 минут бойы әуеде болып, жерден ең жоғары - 2000 метр биіктікке көтерілді.

Материалдар ғаламтор беттерінен алынған

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

Директор - РИЗА АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА

Бас редактордың орынбасары - РОЗА ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.

Газет «АВАИ АИМАҚ МЕДИА» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) бастап орталығында объектілік әдіспен баспалып шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.

Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.

Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Бороудихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ